



Білім беру саласындағы жаңа өзгерістер

2-бет

Президент сөзін ұлт ұранына айналдыруымыз керек

4-бет

Өмір үшін жүрек



7-бет

Ұстаздық пен ғалымдықтың биігінде



8-бет

Игі өмірдің бастауы



13-бет

БҚУ - жеңімпаздар қатарында

ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен ҚР Білім және ғылым министрлігі бірлесе отырып, жыл сайын қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына тәуелсіз бағалау жүргізіп, түлектердің жұмысқа орналасудағы жоғары пайыздық мөлшерін анықтайды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті рейтингте 4 бағдарлама бойынша I орын:

- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі – B003;
- Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіптік дизайн – B031;
- Менеджмент және басқару – B044;
- Тынығу – B092

2 бағдарлама бойынша II орын:

- Информатика мұғалімдерін даярлау – B011;
- Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау – B007

2 бағдарлама бойынша III орын:

- География мұғалімдерін даярлау – B014;
- Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау – B015 алды.

Университет ұжымын жетістіктерімен құттықтаймыз!

ДВУДИПЛОМНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ - БОЛЬШИЕ ВОЗМОЖНОСТИ

В стремительном темпе жизни современного человека трудно выделить время на получение второго высшего образования.

Известно, что в условиях глобализации многие из сегодняшних вызовов не могут быть решены странами по отдельности – глобальные вызовы требуют коллективных решений, необходимости интегрироваться в мировое образовательное пространство. Одной из перспективных технологий, позволяющих двигаться в этом направлении и существенно улучшить качество подготовки специалистов, является программа «двудипломного образования».

Двудипломное образование – возможность параллельного обучения по образовательным программам и совместным учебным планам с целью получения двух равноценных дипломов или одного основного и второго дополнительного. Это особые образовательные программы, на которые следует обратить внимание не только уже обучающимся в БҚУ.М.Өтемісова, студентам и магистрантам но и абитуриентам, которые находятся в процессе поиска и выбора - в каком вузе учиться.

Ещё в июне 2017 года в целях интеграции в мировое образовательное пространство, направленное на расширение доступа студентов университета к зарубежному образованию, отдел двудипломного образования нашего



университета инициировал и создал совместно с Уфимским государственным нефтяным техническим университетом инновационно-образовательный консорциум по реализации программ дополнительного профессионального образования. В результате, впервые в истории университета, реализован Международный образовательный проект по двудипломному образованию по программе «Межъязыковая коммуникация в профессиональной деятельности» с присвоением квалификации «Переводчик английского языка в сфере профессиональной коммуникации».

(Продолжение на 3 стр.)

Жүлдегер атанды!


Козма Минин атындағы Нижний Новгород мемлекеттік педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен «Актуальные проблемы географии и географического образования» атты студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарының Бүкілресейлік ашық байқауы өткізілген болатын. Оған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттері **Калиева Мадина Коблановна, Адешова Гульжайна Утегеновна және Жвыкова Елена Александровна** «Международный туризм» номинациясы бойынша «Возможности для развития туризма в Западном Казахстане» жобасын қорғап, жүлделі I орын иегері атанды.

Студенттерімізді жүлдесімен құттықтай отырып, алдағы уақытта да тек табыс тілейміз!



Работа Департамента внутреннего аудита в 2020 г.

11 января 2021 года на собрании ЗКУ им.М.Утемисова мною, уполномоченным по этике и профилактике коррупционных рисков, была озвучена информация по наиболее часто встречающимся нарушениям при проведении проверок подведомственных организаций Департаментом внутреннего аудита МОН РК (непрозрачность стимулирующих надбавок, организация государственного закупа, информация о бюджетах и др.), а также были обсуждены проблемные вопросы.



Департаментом внутреннего аудита в течение 2020 г. проведены 9 плановых и 4 внеплановых аудиторских мероприятий с общим объемом бюджетных средств и активов государства более 73,0 млрд.тенге.

Неблагополучная санитарно-эпидемиологическая ситуация внесла свои отдельные коррективы и, к сожалению, не позволила реализовать все запланированные аудиторские мероприятия. Были озвучены отдельные вопросы и недостатки, установленные в ходе аудиторских

мероприятий, которые требуют еще более пристального внимания со стороны как руководства, так и финансовых служб всех подведомственных организаций.

Университетом ведется подготовка дорожной карты по профилактике и устранению возможных нарушений.

Кажмурат АХМЕДЕНОВ,
и.о. проректора по НР и МС, кандидат
географических наук, профессор

Білім беру саласындағы ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
Білім және ғылым министрі

Білім беру мәселелері жөніндегі заңнамаға енгізілген жаңа түзетулер жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейін де қамтыды.

1. Енді жоғары оқу орындарында оқу жетістіктерін сырттай бағалау процедурасы жүргізілмейді.

Жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік берілген.

Әр ЖОО оқу бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді. Сондықтан мұндай бағалау түрін жүргізудің қажеті жоқ.

2. Білім алғанын растайтын өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына, оларды есепке алу және беру тәртібіне қойылатын талаптар да заң негізінде айқындалды.

2021 жылдан бастап әрбір жоғары оқу орны білім алған азаматтарға жеке үлгісі бойынша диплом беретін болады. Яғни, енді әр жоғары оқу орнында берілетін дипломдардың барлығы біркелкі болмайды. Әр оқу орны жеке брендке айналып, студенттер оқу орындарын білім беру сапасына қарай таңдайтын болады.

Бұдан былай мемлекеттік үлгідегі дипломдар берілмейді.

Сондықтан заңсыз немесе жалған құжат айналымына жол бермеу мақсатында тиісті шаралар қабылданды.

Мәселен, білім берілгенін растайтын құжатты есепке алу және сериялық нөмірлері бойынша бір жүйеге келтіру үшін дипломдардың мазмұнына қатысты бірыңғай минималды талаптар қарастырылған.

BGM-нің ақпараттық жүйесінде берілген дипломдардың депозитарий, реквизииттері болады, сондай-ақ Болон процесінің талаптарына сай Diploma Supplement беру қарастырылады.

3. Мемлекеттік грант арқылы оқуға түскен студенттердің грантты жұмыспен өтеу шарттары жеңілдетілді.

Енді түлектер тек мемлекеттік мекемелерде ғана емес, жекеменшік ұйымдарда да жұмыс істеп, гранттарын өтей алады. Басты шарт – дайындық бағыты (мамандығы) бойынша жұмыс істеуі тиіс. Бұл мәселені түлектер жиі көтеретін.

Жаңа норма түрлі ұйымдардағы кадр мәселесін шешуге де септігін тигізеді.

Сондай-ақ түлектердің жұмыспен қамтылу

мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады.

Мысалы, студент ауылдық квота арқылы фармацевтика бағыты бойынша оқуын аяқтады делік. Кейін ол ауылға барып, өз мамандығы бойынша мемлекеттік ұйымда жұмыс істеуге міндетті болатын.

Ал, ауылда мемлекеттік дәріхана жоқ болса ше?

Түлектің қиын жағдайға тап болатыны анық.

Сондықтан бұл мәселе де шешімін тапты.

Қазір мемлекеттік-жекеменшік әріптестік дамып келеді және мемлекеттік тапсырыс жекеменшік балабақшаларда, мектептер мен ауруханаларда орналастырылып жатыр.

Ендігі кезекте грантпен оқыған түлек өз дайындық бағыты бойынша жекеменшік ұйымдарда еш кедергісіз жұмыс істей алады.

4. Айтпақшы, кейбір грант иегерлері мемлекет шығынын жұмыспен өтеу рәсімін айналып өтудің амалын тапқан.

Олар грант арқылы 3-курсқа дейін тегін оқып, үш жыл бойы стипендия алады. Содан кейін мемлекеттік грантты жұмыспен өтемеу үшін 4-курста ақылы бөлімге ауысатын.

Осыған байланысты грант иегерін оқытуға мемлекет жұмсаған шығындарды өтеу бойынша жаңа норма енгізілді.

Мәселен, студент грантта екі жыл оқып, кейін ақылы бөлімге ауысты делік. Бұл жағдайда студент қанша жыл грантта оқыса, сонша жыл грантты жұмыспен өтеуге міндетті болады.

Дәл осы норма, ақылы бөлімнен грантқа ауысқан студенттерге де қатысты болады.

5. Енді қарамағында колледждері бар жоғары оқу орындары да техникалық және кәсіптік білім беру бағыты бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру рәсіміне қатыса алады.


Бұған дейін оларда мемлекеттік тапсырыс алу құқығы болмаған еді. Біз бұл мәселені де шештік. Енгізілген түзету жоғары оқу орындарының үздіксіз оқытуды қамтамасыз ету мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Бұл түзетулердің барлығы заңнаманы жетілдіруге, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын арттыруға бағытталған.

Дереккөз: <https://www.facebook.com/1120704037/posts/10217758435208864/?d=n>

ТҮЛЕКТЕРДІҢ әдістемелік жетілуі

Жақында М.Өтемисов атындағы БҚУ-дың информатика кафедрасында “Түлектердің әдістемелік жетілуі” тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар оздырылды. Семинарға 2018-2020 жылғы түлектер қатысып, өздерінің университетте алған білімдерінің пайдалылығы мен ауқымына тоқтала келе, қазіргі күнгі проблемаларды да тілге тиек етті.



Біздің түлектеріміз Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Қостанай, Қызылорда, Ақмола, Атырау облыстарындағы “Білім-инновация” лицейінде, дарынды балаларға арналған облыстық мектепте, гимназияда қызмет етіп жүр. Олардың аз уақытта жеткен жетістіктері бізді қуантты. Өйткені оған біздің университетте алған білімдері негіз болғаны аян. Оны өздері де ашық білдірді. Шәкірттің алғысын алу - маңдай термен атқарылған еңбектің жемісі. Заманауи жаңарумен бірге қабаттаса үзіліссіз дамып жатқан информатиканың мұғалімін дайындау үлкен ізденісті, жиі жаңғыртуды, үнемі білім жетілдіруді қажет етеді. Міне, сондай еңбектің нәтижесін, өз түлектеріміздің жарқын жүзін көріп, даусын естігенде-ақ сезіндік.

“Студент-түлек-оқытушы” моделінде ұйымдастырылған семинардан студенттер де маңызды мәселелерді айқындауға, өз мақсатына қол жеткізу жолдарын нақтылауға мүмкіндік алды.

Айгүл БАҚТЫҒАЛИҚЫЗЫ,
Информатика кафедрасы

2020-2021 оқу жылының екінші семестрінде оқу үрдісін ұйымдастыру және оқыту форматы

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша 1-курс студенттері үшін оқу сабақтары 2021 жылдың 18 қаңтарынан аралас оқыту форматында ұйымдастырылады (дәрістер - онлайн, санитарлық режим және әлеуметтік арақатысты сақтай отырып, қолданбалы сипаттағы семинарлар, зертханалық және практикалық сабақтар - күндізгі форматта).

COVID-19, өкпе пневмониясы немесе басқа да вирустық аурулар белгілері болған жағдайда студенттер қашықтықтан оқу форматында оқытуды жалғастыру жөніндегі өтінішін дәлелдейтін құжаттармен бірге жолдайды. Келіп түскен өтініштерді сапаны қамтамасыз ету комитеті қарап, қабылдаған шешімді білім алушылардың қаперіне жеткізеді.

Ағымдағы оқу жылының екінші семестрінде 2-4-курстарда оқу форматы коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға байланысты шектеу шаралары кезеңінде жоғары оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бұрынғыдай, яғни 2020-2021 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағыдай форматта сақталады.

Жатақханаға орналасуды қажет ететін барлық білім алушылар үшін бөлмелердің 50% толымдылығына сәйкес орындар беріледі. Жатақханада тұратын білім алушылар санитарлық-эпидемиологиялық режим (СЭР) талаптарына сәйкес жатақханада тұру режимін қатаң сақтауы тиіс.

**М.Өтемисов атындағы БҚУ академиялық
қызмет департаменті**

(Продолжение. Начало на 1 стр.)

На днях первым выпускникам программы вручены российские дипломы с присвоением новой, второй профессиональной квалификации «Переводчик английского языка в сфере профессиональной коммуникации». Совместная итоговая аттестационная комиссия во главе с Председателем, ведущим специалистом по развитию бизнеса (переводчик) ООО «ОЗНА-Менеджмент» (Республика Башкортостан, РФ), кандидатом филологических наук Я.В. Швайко, особо отметила выпускников программы Иргалиеву Карину, Куанышғалиева Рустема, Нурмухамбетову Камилу и других, на практике показавших прекрасное владение английским языком и переводческим делом. Стало известно, что все выпускники-переводчики уже трудоустроены и успешно начали трудовую деятельность, а Иргалиева Карина поступила в очную аспирантуру в один из ведущих и престижных вузов Российской Федерации. И это - значимый и очень важный результат реализации данного проекта для ЗКУ им. М. Утемисова. Цель, которую ставили организаторы международного проекта, начиная эту работу, достигнута.

Координатор данного проекта - доктор технических наук, профессор Г.С. Гумаров, а руководитель образовательной программы - доцент кафедры иностранных языков филологического факультета, кандидат педагогических наук Г.Н. Кисметова. Срок параллельного обучения студентов составил 2,5 года. В ходе обучения

ДВУДИПЛОМНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ - БОЛЬШИЕ ВОЗМОЖНОСТИ

согласно календарного графика учебного процесса все студенты прошли непрерывную пятинедельную переводческую практику на базе структурных подразделений ЗКУ им. М. Утемисова. В реализации образовательной программы «Межъязыковая коммуникация в профессиональной деятельности» были задействованы такие высококвалифицированные преподаватели кафедры иностранных языков, как Т.И. Нурушева, С.И. Кадыргалиева, Г.Н. Кисметова, Э.К. Утемисова и др.

Данный образовательный проект двойных дипломов дает студентам возможность:

- Одновременно получить два диплома: один - основной и второй –дополнительный.
- Приобрести уникальный опыт общения в другой культурной среде.
- Успешно адаптироваться к особенностям двух образовательных систем одновременно.
- Получить конкурентные преимущества на рынке труда по завершению обучения.
- Получить, в отличие от других, возможность вписать дополнительный и весомый аргумент -преимущество в резюме.

Следует отметить, что наличие нескольких квалификаций у претендентов на должность всегда привлекает внимание работодателя.

Из практики жизни известно - выпускники ЗКУ имени М. Утемисова достаточно успешно выдерживают международную конкуренцию как при поступлении в лучшие зарубежные вузы, так и при найме на работу. Преимущества получения образования по такой схеме совершенно очевидны: в рамках периода основного обучения обучающийся, сокращая время, приобретает второй диплом, имеющий законный статус в двух странах. Несомненно, что такой подход способствует межгосударственным интеграционным процессам, расширяет возможности трудоустройства выпускника, повышает его трудовую мобильность и т. д. Двойной диплом - это большие возможности успешного трудоустройства, что гарантируется комплексным высококачественным образованием.

Г.С. ГУМАРОВ,
доктор технических наук, профессор

Проведена серия встреч с потенциальными кандидатами для участия в программе подготовки научно-педагогических кадров ЗКУ им. М.Утемисова за счет средств университета в 2021 году.

Реализация программы подготовки научно-педагогических кадров за счет средств университета начата по инициативе ректора Н.Х.Серғалиева с июня 2018 г., целью которой является обучение преподавателей и сотрудников в докторантуре и очной аспирантуре в высших учебных заведениях Казахстана и зарубежных стран для повышения потенциала научно-педагогических кадров структурных подразделений.

Согласно условиям программы,



О программе подготовки научно-педагогических кадров ЗКУ им.М.Утемисова

ЗКУ им. М.Утемисова осуществляет обучение штатных преподавателей и сотрудников на основе финансирования (оплата обучения, стипендии, проживания, проезда, медицинского страхования) и предоставления организационной помощи в выполнении научных исследований обучающихся. В свою очередь, обучающиеся за весь период обучения должны выполнить всю программу подготовки кадров по данной специальности и защитить диссертацию на соискание степени доктора философии (PhD) или ученой степени кандидата наук с дальнейшим прохождением процедуры признания (эквивалентности) диплома в Комитете по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК и отработать в

ЗКУ им. М.Утемисова не менее 5 лет. Все эти условия закрепляются двусторонним договором.

В соответствии с выше отмеченными условиями программы, на сегодняшний день в докторантуре и очной аспирантуре за счет средств университета обучаются 38 преподавателей и сотрудников по 22 направлениям на базе 16 высших учебных заведений Казахстана и России, расположенных в городах Караганда, Актобе, Казань, Москва, Элиста, Саратов, Самара, Пермь, Тольятти, Уфа и Оренбург. На данный момент ведется отбор кандидатур для участия в данной программе на 2021 год.

Кажмурат АХМЕДЕНОВ,
и.о. проректора по НР и МС, кандидат
географических наук, профессор

Қуатты ел және кемел халық


12 қаңтар күні Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласына арналған «Қуатты ел және кемел халық» тақырыбында дөңгелек үстел оздырылды.

Шараны университетіміздің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы ашып, жүргізіп отырды. Кіріспе сөз сөйлеген Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент А.Ш.Журасова одан әрі баяндамашыларға кезек берді. Философия ғылымдарының кандидаты, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті К.М.Науанова «Қазақстан республикасының тәуелсіздігі: тарих және қазіргі заман», дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті Б.С.Боранбаева «ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласының өзектілігі», дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси

пәндер кафедрасының аға оқытушысы Т.Т.Шайхиев «Қазақстан тәуелсіздігінің төртінші онжылдығындағы саяси реформалардың жаңа толқыны», дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушы-магистрі Р.Б.Зейнуллин «Мәдени мұра-тәуелсіздік тірегі» тақырыбында өз баяндамаларын баяндады. Баяндама барысында тәуелсіздік: жетістіктер мен болашақтағы міндеттер, тарих пен тағылым, мәдени мұра-рухани құндылық, азаматтық қоғам және саяси реформалар қажеттілігі, жастар мен тәуелсіздік болашағы мәселелері қарастырылды.

Жиын соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, сұрақтарға жауап берді.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



Дорожная карта - 2021

15 января 2020 года проведено совещание с участием деканов факультетов и руководителя отдела науки и послевузовской подготовки. Были обсуждены вопросы разработки дорожных карт подготовки научно-педагогических кадров факультетов за счет средств университета в докторантуре и очной аспирантуре вузов РК и зарубежных стран на 2021 год, подготовки документов для открытия ОП докторантуры на факультетах, подготовки заявок для участия в конкурсах грантового финансирования науки МОН РК.

Кажмурат АХМЕДЕНОВ

Демек, қасиетті Тәуелсіздіктің арқасында азат елдің азаматы атандық, Отанның азаттығынан, тәуелсіздігінен асқан бақ дәулет жоқ екенін әрбір қазақ баласы сезінуі тиіс. Өз басым мемлекетіміздің тәуелсіздігі – халқымыздың бақыты деп санаймын.

Табалдырықтан аттаған биылғы жаңа жылда еліміздің тәуелсіздігіне 30 жыл толмақ. ҚР Президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында 30 жылда ел болып жеткен жетістіктеріміз, бағындырған белестеріміз айқындалып, тәуелсіздікті нығайту үшін не істеу керек деген мәселелерге жауап берілген.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ұрпағы ат жалын тартқан азамат, егеменді елдің тізгінін ұстайтын халге жетті. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев тәуелсіз елдің өскелең жас ұрпағы үшін: «XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуы тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық деген», – дей отырып, сандық Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында деп меңзейді. Ендеше, ҚР Президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласындағы жастар үшін айтылған пікірлердің маңызы зор. Себебі білімдінің мыңды жығар заманы келе жатыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілерміз, біздің айрықша күшіміз. Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті» екендігін айтып көрсетеді.

ҚР Президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласының түп негізі халыққа арналғанымен, алайда жастар үшін айтылған ой-пікірлердің, ақыл-кеңестердің үлесі басым екендігі анық аңғарылады. Мәселен, Президент Қ.Тоқаев: «Жас келсе – іске» дейді халқымыз. Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Тәуелсіздік – бұл шексіз бостандық. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс», – деп атап көрсетеді.

ПРЕЗИДЕНТ СӨЗІН ҰЛТ ҰРАНЫНА АЙНАЛДЫРУЫМЫЗ КЕРЕК

ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жастар кеңесінің қызметін жандандырған жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз. Бұдан бөлек, мен азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын». Сондай-ақ: «Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұл-қыздарымыздың жер жүзіндегі кез келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген алаңдаушылық бар. Жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды», – деп жастарға үлкен сенім артады.

Мемлекет басшысы қазақ тілінің мәртебесін ерекше атап көрсетеді. Мемлекеттік тілді білу – республиканың әр азамат үшін парыз санайды. Тіл тірілсе, ұлттық дәстүр жанданады. Дәстүр жанданса, рух күшейеді. Рух күшейгенде ғана ұлт жаңғырады. Ұлттық рух мемлекеттік рухқа ұштасып, қазақстандықтар өз мемлекетін көзінің қарашығындай қадірлеу қажеттігін түсіне алса, тәуелсіздікті қорғау жолында құрбан болатын этникалық патриотизмді қалыптастыра алсақ, болашақтың көрсеткіші сол болмақ.

Тәуелсіздік құндылығы халқымыздың жадында мәңгі

сақталуы үшін өскелең ұрпақ еркіндіктің бәрінен қымбат екенін түсініп, қадірін білуі керек. Бұл ретте, мемлекет басшысы тарихи жадының орнын ерекше атап көрсетеді. Ғылымдағы тарихпен тәрбиелеу деген қағиданы алға тартады, Мәселен, «... бұл егемендікке жеткізген қайғы-қасіретке толы тарихи оқиғаларды ұмытпаған жөн. Тарих демекші, 1921-1922 жылдардағы алапат ашаршылықтан бері 100 жыл өтті. Дегенмен, бұл нәубет құрбандарының санына қатысты әлі де нақты ақпарат жоқ. 1986 жылы ұл-қыздарымызды Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шығарған Желтоқсан оқиғасына да 35 жыл толады. Бұның бәрі біздің тарих», – дей отырып, «...мыңдаған ғасырларға созылған тарихымыздың, әлемнің жартысына ие болған алып мемлекеттік құрылыстың, азаттық үшін соғыстардың, батырлар жырларын, Алаш қозғалысының бағдарламаларын, жалпы ұлт шежіресін жаппай қайта қарап, оны өз елімізбен қатар бүкіл әлемге жаңа ақпараттық тетіктер арқылы паш ету маңызды міндет» екендігін атап көрсетеді.

Түйіндеп айтқанда, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Азаттық алумен іс бітпейді. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін заманына қарай амалың болу керек» деген еді. Ендеше Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» сөзін ұлт ұранына айналдыруымыз қажет.

Нұрлан СЕРҒАЛИЕВ,

М.Өтемісов атындағы БҚУ ректоры

НЕЗАВИСИМОСТЬ ПРЕВЫШЕ ВСЕГО

Прочитав статью Президента страны «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» («Независимость превыше всего»), как гражданин Казахстана, почувствовал в очередной раз гордость за страну и ответственность за судьбу Родины. Наш народ прошел тернистый путь к Независимости, и беречь страну - это Аманат (священное поручение) предков и наш долг перед потомками. В своей статье «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» Президент страны предлагает постепенное реформирование всей политической системы страны, начиная с низов, с местного самоуправления низовых территориальных единиц.

Глава государства в публикации положил конец общественной дискуссии по поводу продажи земли иностранцам. «Казахская земля не передается в собственность ни одному иностранцу, никогда не продается. Это должно быть твердо заложено в сознании каждого гражданина», – отметил Касым-Жомарт Токаев.

Кроме того, он остановился и на вопросах поддержки талантливой молодежи. В частности, было поручено создать грантовую программу «Поколение независимости» для молодых людей, которые еще не получили признания. По словам Главы государства, будет усилена деятельность Совета молодежи при Президенте, которая станет системной платформой мобилизации квалифицированной и образованной молодежи.

Также он обратился к молодым казахстанцам, проживающим за рубежом. «Я надеюсь, что наша молодежь улучшит свое образование и все равно вернется в страну или будет защищать интересы Казахстана, живя за границей», - отметил Глава государства.

По убеждению Президента Казахстана, наши взгляды и мысли должны быть различными, но все должно переплетаться с национальными ценностями. А это означает, что какими бы ни были наши взгляды, они не должны негативно влиять на нашу Независимость. Независимость должна стать сакральным понятием для каждого казахстанца - вне зависимости от этнической принадлежности и религиозного убеждения.

Кажмурад АХМЕДЕНОВ,
и.о. проректора по НР и МС, кандидат географических наук, профессор

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ»

Тәуелсіздік біздерге оңай жолмен келмеді, сондықтан да әр қазағым үшін Тәуелсіздігіміз ыстық деген ойдамын. Біздің ел Тәуелсіз болу үшін қанша адам еңбек етті, қанша адам өз өмірін құрбан қылды...

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мақаласын оқи отырып, оның әр сөзімен келіспеске болмады.

Биыл біздің Тәуелсіздігімізге отыз жыл! Отыз жылдың ішінде талай дүние өзгерді. Тіпті салысырмалы түрде Нұр-сұлтан қаласын алатын болсақ, отыз жыл бұрын әлі ешкім білмейтін кішкентай қала еді, қазір өзге елдерде астанамыздың аты аталады.

«Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз - ең басты байлығымыз» - дейді Президент. Біздер өз байлығымызды сақтай білуіміз керек деген ойдамын. Бүгінгі күні осынау үлкен ұлан-ғайыр аумақты расымен

бізге ешкім сыйға әкеліп тартқан жоқ. Сондықтан да, бабаларымыздың қаны төгілген туған жеріміздің топырағын сақтау, қорғау - әр ел азаматының міндеті, парызы.

Отыз жыл... Аз уақыт емес. Президент өз мақаласында отыз жыл ішінде еліміздің қалай көтерілгенін жазды. 1991 жылдағы Қазақстан қандай, қазіргі Қазақстан қандай? Бұл тұста Елбасымыздың еңбегі айқын көрініп тұр.

Ендігі алдағы жылдары Қасым-Жомарт Кемелұлының басшылығымен еліміз одан әрі көркейеді деген сенімдемін!

Тәуелсіздігімізбен мақтанып жүрейікші!

Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,
РЯЛ-32 тобының студенті

Ұлт тарихын жаңғырту — жауапты міндет

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы көпшілік тарапынан қолдауға ие болды. Аталған мақалада экономикалық даму, әлеуметтің әлеуетін көтеру, білім сапасын жақсарту, жастардың тәлім-тәрбиесі сияқты еліміз үшін маңызды мәселелер көтерілген. Төрт бөлімге 30 жылдық тарих, жеткен жетістіктеріміз бен бағындырған белестерімізді тұтастай сыйдырған маңызды құжатты М.Өтемісов атындағы БҚУ профессор-оқытушылар құрамы дөңгелек үстел басында талқылады.

Президент мақаласында ұлт тарихын танып, қастерлеу, оны дәріптеу қай кезеңде де басты қағидаға айналу керектігі айтылады. Қазақтың сан ғасырлық шынайы шежіресін әлемге таныту келешек ұрпаққа міндеттеледі. Мәселен, Мемлекет басшысының шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аудару туралы ұсынысының өзі төл тарихымыздың жаңғыруына даңғыл жол ашпақ. Осы ретте БҚУ тарихшыларының,

атап айтқанда, дүниежүзі тарихы және әлеуметтік-саяси білімдер кафедрасының бастамасымен ұйымдастырылған «Қуатты ел және кемел халық» атты дөңгелек үстел жаңа бастамаларға алғашқы қадам десе де болады.

Ұлт тарихын жаңғырту жұмыстарына ең білікті тарихшыларды тарту маңызды. Осы орайда мамандардың білімі мен біліктілігі, кәсіби деңгейі мен тәжірибесі, талабы мен талғамы жоғары болуы тиіс. Түптеп келгенде, бұл – тарихымыздың алдындағы, мемлекетіміздің алдындағы жауапкершілік. Президент бұл істе жаңа буын, білімді жастарға да зор сенім артады.

Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер мен болашақтағы міндеттер, тарих және тағылым туралы, азаматтық қоғам және болашақтағы саяси реформалар жайы талқыланды кездесу онлайн форматта өтті. Оған профессор-оқытушылар құрамынан 60-тан астам қызметкер қатысты.

Желтоқсан оқиғасы - тәуелсіздік айнасы

Тәуелсіздік дегеніміз қандай ұғым? Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Біз оны «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» деп те атап жатамыз. Біздің еліміз үшін бұл күн - тарихымызда ойып тұрып орын алған маңызды оқиғалардың бірі. Сондықтан да елімізде «Тәуелсіздік күні» мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында аталып өтеді. Бұл күн ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі елеулі мереке болғандықтан 16-17-желтоқсан күндері күнтізбеде демалыс болып есептеледі.

Бұл күн дәл кешегідей әрбір қазақтың есінде. 1991 жылы КСРО ыдырап, Одақтың құрамындағы елдер өз алдарына жеке мемлекет болып жатты. Солардың қатарында Қазақстан да болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі “Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы” заңды қабылдады. Ескеретіні, Қазақстан КСРО құрамындағы елдердің арасында ең соңғысы болып Тәуелсіздігі туралы заңды қабылдады. Бұл заң 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларациямен бірге Қазақ елінің елдігін нығайта түсті.

Бірақ, осы тәуелсіздік қуанышының көлеңкесінде қалып жүрген, көп айтыла бермейтін бір оқиға бар. Ол –«Желтоқсан көтерілісі». Тарихқа көз жүгіртсек, 1986 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан ком-партиясы ОК Пленумы өтіп, ОК Бірінші хатшысы Д.А.Қонаев қызметінен босап, орнына осыған дейін Ульяновск облыстық партия комитетінің бірінші хат-шысы Г.В.Колбин қойылған болатын. Қазақстанды басқару тағы да бұрынғы әдіс бойынша шешілген еді. Бірақ сол жолы жергілікті халық оған көнген жоқ. Қарсылықты қазақ жастары бастады. Желтоқсанның 17-сі, ертеңгісін партияның ОК орналасқан алаңға жастар жиналды. Алайда демонстрацияны үкімет қарулы күшпен таратқан болатын. КСРО ІІМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған “Құйын — 86” операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды. Оқиғаға қатысқандарды саяси тұрғыдан

қуғындау басталды. Жастардың бұл шеруін советтік баспасөз «зиянды, теріс әрекет», «ұлтшылдықтың көрінісі» және «жаппай тәртіпсіздік» ретінде баса көрсетті.

Желтоқсан оқиғасы тәуелсіздігіміздің алғашқы жаршысы. Осы оқиғадан кейін қаншама қазақ жастары, көзі ашық, білімді жастар оқудан қуылды, жұмыссыз қалды, денсаулығынан айырылды. Олардың ішінде қазақ қыздары да болды.

Ресми деректер бойынша Желтоқсан көтерілісіне 30 мыңнан аса қазақ жастары қатысқан. Құқық қорғау органдары барлығы 8515 адамды ұстаған. Алматының түрме мен абақтыларында орын қалмаған соң, бес мыңнан астам жасты қала сыртына апарып тастаған. 2400 адам қамауға алынып, 1722 адам әр түрлі дене жарақаттарын алды. 99 адам қылмыстық жауапкер-шілікке тартылды.

Желтоқсан оқиғасында қанша адамның қаза тапқаны әлі күнге дейін нақты емес. Ресми деректерде қайтыс болған төрт адамның ғана аты айтылса, бейресми дереккөздер марқұм болғандар санының бұдан әлдеқайда көп екенін мәлімдеп келеді. Желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар.

Бұл тарихтың бетін біз ұмытпауымыз қажет. Біздің қазіргі тәуелсіз мемлекет болып отырғанымыз осы аға-апаларымыздың арқасы. Олардың жанашырлығы, еліне деген ерекше махаббаты, батырлығы мен батылдығының арқасы. Қазіргі жас ұрпақтың олардан алар өнегесі мол. Кейде қазіргі жастар, яғни біздер олар сияқты ержүрек болсақ қой деп те ойлаймын. Бұл оқиға «Тәуелсіздік мерекесімен» қатар ұмытылмай, тең жүруі тиіс. Тарихымызды дәріптеу – мемлекетіміздің ғұмырының ұзақ болуын қамтамасыз ететін бірден-бір құрал. Ал менің тілерім, осындай еңбекпен келген Тәуелсіздігіміз мәңгі, еліміздің туы биік, тұғыры берік болсын!

Елбасы жолы – ертеңге өнеге

«Президент дегеніміз - өз елінің тәрбиелі тұтқасы». *Ж.Аймауытұлы*

Әр заманда елдің тірегі, қамқоршысы, қиын-қыстау кезеңде өз ақылы мен тапқырлығы арқылы суырып алып шығатын біртуар тұлғасы болады. Туған елінің терезесін басқалармен тең қылуды арман етіп, тәуелсіздігін мәңгі, туған тілінің мәртебесін асқақ етуге ұмтылады. Өз халқын көкке көтерер де, көрге итерер де - сол. Осындай тұлға қандай да бір топ болмасын оның бастаушысы болады, иә бақты бағалаған халықты бастайтын тақ иесі болады. Бұл – ежелден келе жатқан өмір заңы. Ата тарихты ақтарсақ, ежелден ел басқарған ержүрек батыр бабаларымызды, ұлы хандарды кездестіруге болады. Күллі қазақ халқын өз туының астына жинап, үш жүздің басын қосқан Абылай ханды, елінің азаттығы үшін аянбай қан мен тер төккен Кенесарыны айтсақ та жеткілікті болар. Осы ұлылардың жалғасы болып туған жеріміздің тағына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келген болатын.

Сәл тарихқа шегініс жасар болсақ, 1991 жылғы 1 желтоқсанда алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Бұл жаңа мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңінде сенімді басшыға өз тағдырын тапсырған Қазақстан халқының жауапты таңдауы еді. Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі сол күні-ақ мемлекет атауын Қазақстан Республикасы деп өзгертті. 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Елбасымызбен бірге Тәуелсіздік те келді.

Н.Назарбаев Президент болып өз жұмысын бастаған кезде еліміз жаңа ғана көзін ашқан сәбидей еді. Содан бері қаншама тер төгілді, қаншама жұмыс атқарылды. Біз қазір өмір сүріп жатқан Қазақстан қандай керемет?! Ешкімнен кемдігіміз жоқ, халқымыз тыныш әрі бақытты өмір сүруде. Жастардың өз-өздерін дамытуға, білім нәрімен сусындауға қаншама мүмкіндіктер ашылып отыр. Еңбек пен шыдамдылық, мотивация болса болғаны, саған әлемнің барлық есіктері ашық. Қазіргі таңда еліміздің тарихын насихаттау, мәдениетімізді дамыту мақсатында қаншама мәдени ғимараттар ашылып, өз жұмысын

атқаруда. Керемет емес пе? Ал оның артында қаншама жұмыс жатыр.

Ел астанасын Сарыарқа төсіне көшіргендегі кешегі Ақмола, қазір Нұр-Сұлтан болып танымастай құлпырып барады. Жаңа астанамыз бүгінгі күні өзінің зәулім құрылысымен ғана емес, рухани орталықтарымен де көркейіп келеді. Мұның бәрінің бастамасын Тұңғыш Президентіміз салған болатын. Сол кісінің көрегендігінің арқасында бүгінгі Қазақстан — әлемдік аренадан өз орнын ойып алған Азия мен Еуропаны мойындата білген өжет елдің мекені.

Еліміздің әлеуметтік және саяси дамуына келетін болсақ, «Стратегия – 2030»-ды мерзімінен бұрын іске асырып, «Стратегия – 2050», «100 нақты қадам: бар-шаға арналған қазіргі мемлекет» ұлт жоспарын жүзеге асыра бастады. Елбасының экономист және саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына, көптеген мемлекеттермен және халықаралық қаржы институттарымен қарқынды экономикалық ынтымақтасуға игі ықпал етті.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы жолды жалғастырып келеді. Бұл кісінің қолдауымен болашақта әлі талай белестерді бағындырамыз сөзсіз.

Мемлекет ол - кірпіштен қаланған үй секілді, оның әрбір кірпіші халқы, елдің бетке ұстар тұлғалары және президенттері. Егер бір кірпішті қисық қойсаң немесе мүлде алып тастасаң үйің үй болмайды, қирап қалады. Сондықтан да әрбір кірпіш маңызды, яғни, әрбір президенттің өз орны бар деген сөз.

Шын мәнінде Тұңғыш Президентіміздің сарабал саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың арқасында жарқын болашаққа сенімді қадам жасап келеміз. Қазақстан Республикасының дамуына үлес қосқан қазақ елінің Тұңғыш Президентіне алғысымыз шексіз!

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

«Біз бәрін өзімізден бастамасақ, бұл дертті жеңе алмаймыз». *Н.Ә.Назарбаев*

Қазіргі таңда әлем мемлекеттері қарқынды даму үстінде. Әр жыл сайын жаңа белестер бағындырылуда. XXI ғасырда мемлекеттердің даму деңгейі оның басқа мемлекеттермен мойындалуының басты көрсеткіші болып отыр. Олар бір-бірімен өмір сүру деңгейімен, саяси тұрақтылығымен, сыртқы саяси қатынастарымен, жаңа инновациялармен жарысуда. Біздер қаншама дамыған мемлекеттерді білеміз: Норвегия, Сингапур, Дания, Германия, Швеция тағы да басқалары. Оны терең қазып та қажеті жоқ, жай ғана халқының өмір сүру жағдайынан аңғарсақ та болады. Сол мемлекеттер неге осындай деңгейге жетіп отыр деп ойлайсыз?.. Өйткені, олар үшін ең басты проблема халықтың жағдайын жақсарту, ал билік басындағылардың негізгі мақсаты Президент жолдауын бұлжытпай орындап, әр нәрсені өз орнымен өз уақытында жасауында. Яғни, мемлекеттегі бөлінген қаржының дұрыс жұмсалыуы және бұл процесстерді бақылаудың халық үшін қолжетімді болуы. Ең соңына келіп тірелгенде, дамыған мемлекет деңгейіне жету жолының түп тамыры -сыбайлас жемқорлықты жою.

Кез келген заманауи мемлекет үшін қауіпті мәселелердің бірі - қоғамның назарынан тыс қалдыруға болмайтын сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық экономикалық әл-ауқаттың дамуына үлкен зиян келтіреді. Соның ішінде, біздің Қазақстан сыбайлас жемқорлықтан үлкен зардап шегіп отыр. Қазіргі таңда, сыбайлас жемқорлықты қарапайым өмірдің өзінде көп кездестіруге болады.

Біздің заманымызға дейінгі 5 ғасырда Қытай данасы Конфуций: «Әр адам өз міндеттерін орындауы керек - әкесі әке, ұлы ұл, билеушісі билеуші болуы керек», - деп айтып кеткен болатын. Расымен де әр адам жұмыс орнында өз міндеттерін адал орындаса, заңдарды сақтап, қандай да жағдай болмасын жемқорлардың артынан ермесе, бұның өзі сыбайлас жемқорлықпен күресу жолындағы бірден бір бастама болары анық.

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге танылып келе жатқанымызға отыз жыл болыпты. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастауымен дәл осы кезге дейін көптеген жұмыс атқарылды. Құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, соның ішінде сыбайлас жемқорлықпен күресу жолына үлкен назар аударылуда. Айта кетер болсақ, «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Жарлығы, қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің «Ар-намыс» кодексі. Бұлардың барлығы еліміздегі құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіруге, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға және жоюға бағытталған.

XXI ғасырда Қазақстанның алдында тұрған жаһандық проблемалардың бірі - сыбайлас жемқорлықтың, оның ішінде парақорлықтың өсуіне қарсы тұру мәселесі. Еліміздің одан әрі әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуы, оның халықаралық қоғамдастыққа кіруі осы проблеманың табысты шешілуіне байланысты. Зерттеулер бойынша әлемдегі ең төмен жемқорлық деңгейін иеленген 5 мемлекет бар. 1-орында Дания, ал содан соң Жаңа Зеландия, Финляндия, Сингапур және Швеция тұр. Осылардың қатарында жарқырап тұрып Қазақстанымыз тұрса қандай керемет?! Ал,ол үшін не істеуіміз керек? Менің ойымша, ол үшін ең бірінші өзімізден бастауымыз керек. Өзіміз өмірде жемқорлықпен кездессек, ол бізге қаншама ауыр салдарын тигізеді. Егер бұл ел ауқымында орын алса, зардабын өзіңіз елестетіп көріңіз. Біз барлығымыз бір нәрсені түсінуіміз керек: біз қандай әлем, қандай қоғам құрсақ, біз де, бізден кейінгі ұрпақ та сондай әлемде және қоғамда өмір сүретін болады. Әр адам өзімізден бастап адал әрі әділ, шыншыл әрі еңбекқор болуға талпынуымыз керек. Тарихымыздағы әділдік пен турашылдықтың айнасы болған Төле би, Қазбек би, Әйтеке билердің жолын жалғастыруымыз керек. «Әлемді өзгерткің келсе - өзіңнен баста!» демекші еліміздің болашағы жарқын, халқымыз бақытты өмір сүргенін қаласақ,ең алдымен, өзімізді түзетуден бастап сыбайлас жемқорлықпен күресуді азаматтық борышымыз деп есептеуіміз керек. «Сыбайлас жемқорлық біз үшін жат» деп әлемді бірге өзгертіп, жарқын болашаққа ұмтылайық, достар!



Мадина КАЛИЕВА, Аймақтану мамандығының 3-курс студенті

XX ғасырдың бас кезінде ұйқыда жатқан алаш қауымы арасынан ат төбеліндей азаматтар суырылып шығып, болашағы бұлыңғыр, бодан қазаққа жол сілтеп, бағдар берді.

Қазақтың ұлт болып қалыптасуы Алаш қозғалысының идеясынан, Алаш партиясының бағдарламасынан бастау алады. Алаш – Қазақ елінің тарихының айқын, қасиетті парағы, ғылым мен білімнің, мәдениет пен руханияттың ең айтулы межесі, ол қазақ қоғамында жаңа серпін мен жаңа жағдайлар қалыптастырды. Алаш – бұл, құр сөз емес, мың дәлелі бар дәйекті сөз. Сайын дала төсінде шаңырақ көтеріп уығын шанышқан мемлекеттің кіріспесіне айналған Алаш тарихы – Қазақ елінің ғасырлық тарихы, оның мәңгілік тарихы. Бірінші орыс революциясы мен Ақпан төңкерісінен кейінгі жеткен жетісіміз – Алаш партиясы мен Алаш үкіметі болатын. Оны құру туралы Бірінші орыс революциясы жылдарында, яғни, 1905-1907 жылдар аралығында қолға алынып, қажетті алғышарттар 1917 жылғы Ақпан революциясы жылдарынан кейін қалыптасты. Бірінші революциясы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылы ақпан және желтоқсан айларында шарықтау шегіне жетті.

Алаш партиясында алаш зиялылары бас қосты. Ғасыр ширегінде қазақ даласына әділеттілік дәнін сеуіп, терең із қалдырған Алаш партиясының өмірге келуі,

жемісі. «Қазақ» газетінің бас редакторы болып Ахмет Байтұрсынұлы, шығарушысы болып Мұстафа Оразаев сайланады. Оның ең алғашқы басылымы 1913 жылы Орынборда басылып шығады.

Мұхтар Әуезов бір сөзінде: «Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын, ел басына келген бөленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген ескегі жоқ қайықта теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын. Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына дейін түгелімен ой түсіріп, өлі ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек- жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» деп газеттің қадір-қасиетін танытады.

Ұлт зиялылары жең ұшынан жалғасқан қайшылықты тереңінен білгендіктен үндемей қалмады. Осындай ізденіс пен талпыныстың арқасында 1911 жылы қазақ тіліндегі тұңғыш журнал «Айқап» жарыққа шықты. Журналдың бас редакторы болып Мұхамеджан Сералин сайланды. Ахмет Байтұрсынұлы «Айқаптың» алғашқы санында «Қазақ өкпесі» сияқты соқыр көзден жас шығаратындай мақалаларын өз заманында төрт құбыласы түгел қазақтың Ресейге қосылып, надандыққа

Жаһанша да – қазақтан шыққан тұңғыш прокурор, Мәскеу университетін бітірген заңгер, «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметінің басшы – төрағасы. Ол Санкт-Петербургтегі кітапхана қорында сақтаулы жатқан Құран Кәрімді Мұсылмандар съезінің ықпалымен қайтарып, оны тиісті орнына аманаттайды. Бұл – Жаһаншаның парасат-пайымы бөлек, ерен еңбегінің нәтижесі болды. Екеуі де Батыс өңірінің асыл перзенттері. Алашорданың жұмысын қарқындату үшін Күншығыс және Күнбатыс атты әр аймақта бөлімшелері ашылған. Бірақ, кейбір деректерде Алашорда екіге бөлінген деген қате пікірлер кездеседі. Шын мәнінде, ол дақпырт сөз екені көпке әлі насихатталмаған.

Алаш үкіметінің Батыс бөлімін басқару жөніндегі бөлім Жымпиты кентінде ашылған. Батыс бөлімшеде Халел мен Жаһанша - өздері автономияның атты іскерін әскер дайындайды. Сондай –ақ қос алашордашы, жұмыла жүріп, көптеген маңызды істер атқарған, Ойыл уәлаятын құрып, елінің ел болып қалуы үшін Мәскеуде Ленинмен және Сталинмен келіссөздер жүргізіп, бәйек болған ұлы тұлғалар. Жаһанша да – қазақтан шыққан тұңғыш прокурор, Мәскеу университетін бітірген заңгер, «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметінің басшы – төрағасы. Ол Санкт-Петербургтегі кітапхана қорында сақтаулы жатқан Құран Кәрімді Мұсылмандар съезінің ықпалымен оны тиісті орнына аманаттайды. Бір

«Алаш туы астында...»

біріншіден, қазақ елінің қоғамдық дамуының экономикалық, саяси және рухани негізде қайта құру қажеттілігінің пісіп-жетілгендігін, екіншіден, Ресей империясының Қазақстанда орнатқан басқару жүйесінің мардымсыз және қатыгездік екенін айқындап берді.

Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл іш ердің айтпай жайын,
Кешегі қара күнде болмап па еді

Бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым, - деп Сұлтанмахмұт ақын жырлағандай алмағайып кезеңдерде амал тауып, халқының басын қосып, жаңа күннің таңы атарына сендірген Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған алаш зиялылары ел басына біткен бақ болды. Олар – ұлт зиялысы, ұлт тәуелсіздігі жолында басын бәйгіге тіккен алаш көсемдері. Осы Алаш деп ұрандаған арда азаматтардың арқасында 1917 жылы желтоқсанда «Алаш» партиясы құрылды. Бұл - Әлихан Бөкейханов пен өз замандастары мен әріптестерінің орындалған арманы еді. Іле-шала құрылған Алашорда үкіметінің 15 мүшесі: У.Танашев, Х.Досмұхамедов, А.Тұрлыханов, А.Бірімжанов, Х.Ғаббасов, С. Аманжолов, М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Б.Құлманов, Ж.Ақбаев, Б.Мәметов, О.Әлжановтар түгелдей Ресейдің жоғары оқу орындарын тәмамдаған өз заманының марғасқалары және өз елінің мүддесін өзінен жоғары қоятын, қазақ дүниесі мен мүлкін жатқа қимайтын жайсаңдар еді. Солар жайында сөз өрбітсек...


Қазақ зиялылары елде жаңа сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылық, ұйымдасқан сипат беру жолдарын қарастырды. Аталмыш бағытта газет шығару, күреске шақыратын кітаптар бастырып тарату, көкейкесті қоғамдық-саяси талаптар қойған петициялар ұйымдастыру сияқты бұрын қазақ тарихында болмаған саяси күрес құралдарын игере бастады. Осы орайда Қарқаралы петициясы ұйымдастырылып, оның негізгі мақсаты болып: діни сенім, ағартушылық іс, және де халық құқығына қайшы келетін шектеулерді жою, қазақ тілінің тұғырын биіктетіп, қазақтардың орналасқан жерінің өздерінің меншігі, ата-жұрты екенін мойындату сықылды мәселелер қойылды. Әлихан – ұлт көсемі. Ә.Бөкейханов Мемлекеттік Думада ұлт мүддесін қорғай алатын, қазақтың жоғын жоқтап, тілегін жеткізетін бірден-бір адам екеніне халқы сенсе керек», - деп жазды.

«Оян, қазақ!»...

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты! – деп жар салған Міржақып ақындай жұмыла, ұрандаған қазақ зиялылары «ұйықтап» жатқан қазақты, мүлгіген намысты оятты. Міржақыптың саяси қайраткерлік жолының арқасында халық сауаты мен олардың қоғам өмірінен бейжай қалмауы үшін «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы жарыққа шығады. Бұл басылымдар – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхановтардың тынымсыз еңбек, риясыз күресінің



бой алдырғанына налып, өкініп жазады.

Алашорданың Батыс бөлімі

Қайда екі дос?

Орал боп-бос .

Қайда олар?

«Алла – хақ» деп,

«Біз – нақақ» деп

Жүр бұлар, - деп Мағжан ақын жырға қосқандай Алла мен халықтың хақ жолын таңдаған Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтар майталман қайраткерлер. Халел Досмұхамедов – көпқырлы дарын иесі. Ол - дәрігер, ұстаз, қайраткер, әдебиеттанушы, тіл танушы, қазақ әдебиеті үлгілерін жинақтаушы және аудармашы. «Халқымды тосыннан келген індеттен қорғамасам, несіне дәрігерлікті оқыдым», - деп туған топырағына барып ұлтқа қауіп төндірген тажалды тоқтатады. Сол Тайсойған жерінде үш бөлмелі үй салдырып, сырқаттарды сол жерде қабылдайды. Халел бұл үйді арнайы өз қолымен салады. Ол үйді «Халелдің ставкасы» деп атаған, кейіннен стака Батыс бөлімшенің басты тұрағына айналады. Қазір ставканың орнында тасбелгі ғана тұр. Иә, сонымен Халел өзінің мықтылығының арқасында дендеп бара жатқан оба ауруын тоқтатқан, сонымен қатар дүниежүзі бойынша оба ауруына ем тапқан тұңғыш дәрігер екен.

ғажабы, Алашорда қайраткерлерінің бәрі де әмбебеп білім иелері. Мұның мәні – уызынан ауызданған тәрбиенің өрістеуі.

P.S. Алаш қозғалысының туындауының бірден-бір себебі – жерімізді қанаған, ілкі заманның түлкілері елімізді Ресейдің меншігі етіп жариялауына қарсы шыққан қан қасап кезеңдерде, «елім, жерім» деп емінген алаш зиялыларының тойтарыс әрекеті еді. Ел тәуелсіздік алған жылдары, сол азаматтарымыздың есімін жаңартып, барлық тағылған кінәларынан ақтауы – олардың рухының бостандығы іспетті. Алаш зиялылары көздеген ұшпағымызды, көксеген мұратымызды орындады, «қазақ» деген атауға қан мен жан кіргізді, тарихымыздың ашылмай жатқан беттеріне біршама сәуле түсіргендей болды. Біздің міндетіміз – осы сара жолды бекем ұстап, Алаш туын елге қайтару. Алаш туы Ресейдің шаң басқан архивінде жатқанша, ел төрінде тұрғаны қандай ғанибет?! Сонымен қатар, бұл тарих сахнасы ұрпақ жадында қандай жағдай болмасын жаңғырып тұруы тиіс. Қиналғанда халқына демеу болып, азаматтық борышын өтеген, ел тәуелсіздігі үшін жанын қиған, айдауда жүрсе де жүректері елім деп соққан, қолына қалам алып, халық өмірінен сыр шертетін мақалалар жазып, болашаққа пәтуалы сөз айтқан, көркем әдебиет пен бостандықтың салқар көшін тоқтатпаған алаш зиялыларының есімдері мәңгі өшпеуі хақ!

Шұғыла ЕҢСЕП,

Филология факультетінің 2-курс студенті

Өмір үшін жүрек

М.Өтемісов атындағы БҚУ физика-математика кафедрасының ұйымдастыруымен жақында онлайн шара өткізілді. Оған физика-математика факультетінің студенттері мен магистранттары қатысты.

факультетінің информатика режимде «Өмір үшін жүрек» атты профессор-оқытушылар құрамы,

Жиынды техника ғылымдарының докторы, профессор Ғали Сағынғалиұлы жүргізіп отырды. Физика-математика факультетінің деканы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Құлжумиева Айман Амангелдіқызы сөз сөйлеп, іс-шараның мақсат-міндеттерін таныстырып өтті. Одан әрі БҚУ физика-математика факультетінің информатика кафедрасының меңгерушісі Абулқасова Дина Бақытжанқызы «Қан – су емес, жүрек – тас емес», физика-математика факультетінің информатика кафедрасының профессоры Ғұмаров Ғали Сағынғалиұлы «Адам жүрегі туралы қызықты деректер», медициналық пункттің І санатты дәрігері Бигельдиева Венера Толқынқызы «Жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу», Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Демченко Людмила Валерьевна «Адамның жүрек-тамыр жүйесін сауықтырудың дәстүрлі емес әдістері», Дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы, көркем гимнастикадан КСРО спорт шебері Федорченко Людмила Ивановна «Жұмыс орнындағы гимнастикалық жаттығулардың сауықтыру кешені», Ғылыми кітапхана директоры Алимбекерова Тоты-құс Еркінқызы «Әдеби шығармаларда жанашыр жүрегі бар кейіпкерлер»,



БҚУ физика-математика факультетінің информатика кафедрасының аға оқытушысы, магистр Маннапова Торғын Меңдіқұлқызы «Жүректің жұмысын бақылаудың ІТ технологиялары» тақырыптарында баяндама оқыды. Сондай-ақ шара барасында драматург және режиссер Евгений Гришковецтің «Жүректің сыбырлауы» атты спектакль-драмасының бейне нұсқасы көрсетілді. Жиын соңында қатысушылар жиынды талқылап, пікір алмасып, сұрақтарға жауап берді.

«Біздің денсаулығымыз — біздің қолымызда»

М.Өтемісов атындағы БҚУ физика-математика факультетінің информатика кафедрасының ұйымдастыруымен осындай тақырыпта онлайн режимде шара ұйымдастырылды. Аталмыш шараға физика-математика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер, магистранттар қауымы қатысты.

Кеш модераторы - техника ғылымдарының докторы, профессор Ғұмаров Ғали Сағынғалиұлы. Жиынды физика-математика факультетінің деканы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Құлжумиева Айман Амангелдіқызы ашты. Кейін қатысушылар физика-математика факультетінің информатика кафедрасының меңгерушісі, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Абулқасова Дина Бақытжанқызы «Адамжадының ерекшеліктері және оларды

дамыту әдістері», физика-математика факультетінің информатика кафедрасының профессоры Ғұмаров Ғали Сағынғалиұлы «Адам миы туралы қызықты деректер», медициналық пункттің І санатты дәрігері Бигельдиева Венера Толқынқызы «Инсульттің алғашқы алдын-алу», Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Демченко Людмила Валерьевна «Адам ағзасын сауықтырудың дәстүрлі емес әдістері», Дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы, көркем гимнастикадан КСРО спорт шебері

Ұлы халықтың - ұлы Абайы

Қай халықтың болмасын белгілі бір тарихи кезеңде өнері мен әдебиеті, яғни бүкіл мәдени болмысы өзгеше бір биікке көтеріліп, кейінгі өрлеу мен дамуға кең жол ашары сөзсіз. Ендеше біздің қазақ халқының тарихында да сондай кезеңдердің бар екендігі шындық. Қазақ халқының руханияттық дамуында осындай толағай өзгерістер мен ерекше серпілістердің көзге айрықша шалынар сәті — ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы. Қос ғасырдың тоғысар тұсында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» екі жаққа үңілген ұлы Абай, халықты өркениеттің өріне алып шығар амалды тапты. Ол ғылым мен білім, өнер үйрену жолы еді. Абай жасампаздығының мәңгілігі мен өнерінің өрістілігі осында жатса керек. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы Абай феномені – қазақ ұлтының өркениеттік болмысындағы орны айтып болмас ұлы құбылыс!

Абайдың осындай ұлы тұлға екенін ұлықтау мақсатында жақында жаратылыстану-география факультетінің Эко-11 және Эко-12 топтарында Абайдың 175 жылдығына орай «Ұлы халықтың - ұлы Абайы» атты кураторлық сағат өтті. Шара барысында ұлы ақынның «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап», «Бір құдайға сыйынып» және тағыда басқа өлеңдері жатқа айтылып, қарасөздері оқылды. Сонымен қоса, Абай туралы бейнероликтер мен жобалар көрсетіліп, ақын туралы көптеген мағлұматтар айтылды. Осы бейнероликтерде көрсетілген мағлұматтар бойынша студенттерге сұрақтар қойылды. Абай өмірі туралы сұрақтардан кейін қосымша дайындалған жоба көрсетілді. Ол жобада Абайдың 175 жылдығына орай “Abai tv” – мәдени-ағарту телеарнасы ашылғаны, ақын туралы түсірілген фильмдер туралы және Абайға арналып 1940 жылы мұражай ашылғандығы жөнінде көптеген ақпараттар алды.

Шара Эко-11 тобының кураторы Светлана Николаевнаның қорытынды сөзімен аяқталды.

Әсемгүл ТЫНЫШТЫҚЫЗЫ,
Эко-11 тобының студенті

Федорченко Людмила Ивановна «Ми қан тамырларына арналған дене жаттығуларының сауықтыру кешені», Ғылыми кітапхана директоры Алимбекерова Тоты-құс Еркінқызы «Сананы басқару және позитивті ойлау туралы танымал ғылыми әдебиеттерге шолу», БҚУ физика-математика факультетінің информатика кафедрасының аға оқытушысы, магистр Маннапова Торғын Меңдіқұлқызы «Білім берудегі жасанды интеллект» атты баяндамаларын баяндап берді.

«Доктор Лиза» көркем фильмі көрсетіліп, қатысушылар пікір алмасып, сұрақтарға жауап алды.

Ғали ҒҰМАРОВ,
Техника ғылымдарының докторы, профессор

Талқыға салды



Оздырылған шараның баяндамашылары Тарих, экономика және құқық факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушылары, тарих ғылымдарының магистрлері Жалекенова Гүлбарам Тлекқабылқызы мен Есеналин Ақылбек Ғабиденұлы Тәуелсіздігіміздің отыз жылындағы үш кезеңге жеке тоқталып, болашақ міндеттерді атап өтіп, өз ойларын талқыға салды.

Факультетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері Ел Президентінің төрт тараудан

тұратын тағылымды мақаласымен танысып, мемлекет басшысының кемел ойларына тағы да көз жеткізіп, өз пікірлерін білдірді.

Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Президент әр үндеуінде жастар саясатына айырықша көңіл бөледі. Тәуелсіздік жылдарында дүние есігін ашқан өрендерге Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты арнайы грант тағайындауды ұсынды. Бұл жастардың талабын шыңдап, талантын ашуға үлкен сеп болары анық.


ҰБТ сынағы ойдағыдай өтті

М.Өтемісов атындағы БҚУ жанында облыс және қала мектептері оқушылары үшін ҰБТ өткізілді. Талапкерлер 5 күн бойы өздерінің алған білімдерін көрсетті.

Оқу орнында бұл жауапты сынға алдын-ала тыңғылықты дайындық жұмыстары жүргізілді. Сынақ тапсырушылар үшін арнайы дәріс залдары дайындалып, бейнебақылау камералары орнатылып, ұялы байланыс желілері бұғатталды. Барлық санитарлық талаптар сақталып, талапкерлердің денсаулықтары арнайы мамандардың жіті тексерісінен өтті.

5 күнге созылған сынақтың әр кезеңінде орта есеппен 250 талапкер сынға түсті. Негізгі ережеге сай олардың барлығымен кешенді жұмыстар жүргізіліп, тест талаптарымен таныстырылды.

Айта кетейік, дәріс залдарындағы тест сынақтарын ҰТО, БАҚ, қоғам өкілдері және арнаулы органдардың онлайн түрде көруіне, қадағалауына, бақылауына мүмкіндік жасалынды.



Ұстаздық пен ғалымдықтың биігінде

Қадыр Мырзалиев «Адам - дүниенің ең басты жұмбағы» деп атап кетіп еді. Сондықтан да адамды бағалау мен сипаттау ең қиын мәселе, дегенмен де үзеңгілес, қатар жүрген әріптес туралы бірер сөз айту міндет емес, парыз. Осы тұрғыда тарих ғылымдарының докторы, профессор Агила Мұстахимқызы Нурғалиева туралы көңілде жүрген ойларымызды айту мерейлі жасқа толу үстінде өзінен-өзі сұранып тұрған сияқты.

Агила Мұстахимқызы 1968 жылы Ярославль қаласында орта мектепті үздік бітіріп, К.Д.Ушинский атындағы Ярославль педагогикалық институтының тарих факультетін аяқтайды.

1972 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты ашылған кезде Ярославль педагогикалық институтына шефтік міндет белгіленіп, екі институт арасында тығыз ғылыми-іскерлік байланыс орнайды. 1973 жылы институт түлектеріне диплом тапсыру рәсіміне қатысып отырған Арқалық педагогикалық институтының ректоры А.М.Исенғалиева деген қазақ қызының Қазақстанға барғысы келетін тілегіне сай Агиланы өз институтына қызметке алады. Міне, осыдан Агила Мұстахимқызының 42 жылға созылған ғылыми-педагогикалық жолы басталады. 1976 жылы аспирантураны аяқтап, Кеңес Нурғалиев деген Батыс өңірінің жігітімен отбасын құрып, 1976 жылы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтына жұмысқа орналасады. Содан бері 40 жыл табан аудармай елдің көне білім ордасы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қызмет жасап келеді.

Агила Мұстахимқызы 1982 жылы ҚазССР ҒА Ч.Валиханов атындағы тарих институтында ғылым кандидаты дәрежесіндегі диссертация қорғаса, 2010 жылы «Қазақ қоғамы тарихы мен мәдениетіндегі ислам» (XVIII-XX басы) деген проблема бойынша ғылым докторы дәрежесіндегі диссертация қорғап, бүгін 100-ге тарта мақалалар мен монографияларды жариялаған, отандық тарихнамада өзіндік қолтаңбасы бар ірі ғалымға айналды.

А.М.Нурғалиеваның ғылыми қорында соңғы мәліметі бойынша 113 еңбектер тізімі келтірілген. Агила Мұстахимқызының еңбектерінде:

1. Қазақстандағы ислам тарихының очерктері. 2005 ж
2. Азия және Африка елдері тарихының дәрістер курсы. Оқу құралы. 2013ж.
3. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Таяу Шығыс. Оқу құралы. 2013ж.
4. XVIII-XX басындағы Қазақстандағы Ресей мемлекетінің конфессиялық саясаты. 1915ж. Германия
5. Исламға дейінгі және ислам діни нанымдары (XVIII-XIX) 2013ж. Сан-Франциско. АҚШ.
6. Қазақстан бағытындағы XVIII ғ. Ресей сыртқы

саясатындағы ислам факторы.2014ж. Нью-Йорк. АҚШ. еңбектерінде отандық тарихнаманың күрделі проблемалары.

7. К вопросу о роли религии в возрождении внутренних ориентиров культуры в Республике Казахстан. Уральск. 2016г

8. Азиатско-Тихоокеанский регион в современном мире учебное пособие.Уральск. 2020г. 163с.

«Қазан жеріндегі ислам проблемалары», «Ресей империясының отарлау саясатындағы ислам факторы», «Азия, Африка елдерінің қазіргі заман тарихының проблемалары», «Азия, Африка елдерінің тарихын оқыту методикасының проблемалары» зерттеліп, негізгі қағидалар ғылыми ортада қолданысқа енгізілген.

Агила Мұстахимқызының ғылым докторы дәрежесін алу бастауында «Очерки по истории ислама в Казахстане» деген Алматы «Дайк-Пресс» 2005 жылы шыққан еңбегі тұрады деп айта аламыз.

13 тарауға бөлінген еңбек «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ даласындағы діншілдік дәстүрлі нанымдар мен мұсылмандық ілімнің бірігуімен белгіленеді.Бұдан басқа тұжырымдарына тоқталсақ:

1.Ресей империясының XVIII-XIX ғ. I жартысындағы дін саясатының мазмұны отарлық жүйені одан әрі бекітуге бағытталған.

2.XIX ғ. II жартысындағы Ресей империясының мемлекеттік –ислам қатынастарының құқықтық негіздерінің құрылымдық базасын одан әрі бекітіп, дамуына ерекше мән бергендігі нақтыланған.

3.XIX –XX ғғ. тоғысындағы ұлттық қозғалыстағы ислам факторының маңызы айшықтанған.

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» демекші Агила Мұстахимқызынан тәлім-тәрбие алған шәкірттер бүгінгі күні республика және облыс аймақтарында білім саласында қызмет етуде, ондаған әлде жүздеген түлектердің диплом жұмыстарына ғылыми жетекшілік жасады.

Ұстаздық қызметіндегі басшылыққа алған негізгі ұстанымдары:

1. Тарыдай болып келген баланы таудай тұлға деңгейіне көтеру;
2. Студент тұлғасын қадірлеу, тең сыйласу;
3. Жастарды шығармашылық ізденіске бейімдеу,



ғылыми ізденістер әдістеріне машықтандыру т.б.

Қазақтың тұрмыстық мәдениетінде әйел отағасын қадірлеген, шаңырақтың иесі, тірегі деп есептеген. Шынында да азамат, шаңырақ иесі тұтас әлемді тіреп тұратын қасиетті күш сияқты емес пе? Міне, Агила Мұстахимқызы да отағасы Кеңес Айтжанұлын осылайша қадірлеп, құрмет тұтады.Кеңес Айтжанұлы да ғалым, көп жылдар жоғарғы оқу орындарында дәріс оқып, жас ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосқан тұлға. Бүгінгі таңда Агила Мұстахимқызы - аяулы жар, ардақты ана, асыл әже. Кеңес Айтжанұлымен Дина, Жанна есімді қыздарын тәрбиелеп, білім берді. Қазір Агила Мұстахимқызы мен Кеңес Айтжанұлы төрт немере тәрбиелеп отырған жандар.

Сөз соңында Агила Мұстахимқызын жаңа жасымен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына амандық, ғылыми–ұстаздық жұмысына табыс тілейміз.

Х.И.КУЖАБЕРГЕНОВА,

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұжымы Педагогика ғылымдарының магистрі, университеттің ғылыми хатшысы Ниетова Айгүл Серікқызын мерейлі 50 жасымен құттықтады. Әріптесін құттықтауға жиналған университет ұжымы өздерінің ақжарма тілектерін жолдады.

Мерейлі мерейтой иесі

Алдымен, университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы сөз сөйлеп, мерейтой иесінің өнегелі еңбек жолынан сыр шертті. Тәуелсіз Қазақстанның білімі мен ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі және егемен елдің дамуына үлес қосар білімді де білікті шәкірттер тәрбиелеудегі нәтижелі еңбегі үшін Айгүл Серікқызына Құрмет грамотасын табыстады. Кейін тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Тұймеш Малбағарқызы мінезі жайдарлы да жарқын әріптесі туралы естеліктерімен бөлісті. «Рухани жаңғыру» институтының директоры Абат Сатыбайұлы да өз кезегінде әріптесіне жүрекжарды тілегін арнады.

Жиын соңында мерейтой иесі Айгүл Ниетова университет ұжымына өз ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.



НАУЧИ УЧЕНОГО: как я повышал свою квалификацию

Карантин 2020 года лично я провел с пользой, это было очень хорошее время именно для получения новых навыков и повышения своей профессиональной компетенции. Воспользовался возможностями и повышения квалификации через онлайн-обучение. В основном я веду дисциплины физико-географического направления, но в последнее время к ним добавились экономгеографические дисциплины. Поэтому почувствовал необходимость совершенствования своих знаний по данному направлению. В сентябре 2020 года прошел повышение квалификации по «Экономической географии» в КазНУ им. аль-Фараби, а в ноябре-декабре - в БашГУ на тему «Современные проблемы развития географической науки».



Выражаю огромную признательность и искреннюю благодарность за квалифицированный подход к организации и проведению обоих курсов. Полный восторг. Во-первых, очень четкая организация. Во-вторых, сама тематика подобрана с большим знанием проблем современной географии и учебного процесса. При обучении на курсах получил много новой и полезной для себя информации, новые практические навыки, которые планирую применить в своей учебной деятельности. Спасибо за учебу, было очень интересно и познавательно, несмотря на мой 20-летний стаж работы в вузе.

Кажмурат АХМЕДЕНОВ,
и.о. проректора по НР и МС, кандидат географических наук, профессор

ВРУЧЕНЫ ДИПЛОМЫ ПЕРВЫМ ВЫПУСКНИКАМ ПЕДАГОГАМ-ДЕФЕКТОЛОГАМ ПО ДВУДИПЛОМНОЙ ПРОГРАММЕ

В ЗКУ им. М. Утемисова первым выпускникам образовательной двудипломной программы «Дефектология» вручены российские дипломы с присвоением новой квалификации «Педагог-дефектолог» и правом осуществления профессиональной деятельности в сфере специального (дефектологического) образования. Основная часть выпускников этой программы трудоустроилась по основной специальности - они совмещают работу в области специального образования, а остальные работают непосредственно педагогами-дефектологами или логопедами в школах, специализированных центрах и детских садах. Это показывает, что на практике очень востребованы специалисты педагогического профиля, которые занимаются обучением, воспитанием и социализацией детей с особыми образовательными потребностями. Главная задача таких специалистов с интегрированными знаниями в области педагогики и специального образования – формировать и развивать у ребенка навыки, которые помогут ему в будущем найти свое место в социуме и адаптироваться. Говоря об инклюзивном образовании, мы имеем в виду, прежде всего, особые образовательные потребности у детей, имеющих нарушения в психофизическом развитии. По официальной статистике в Республики Казахстан на учете по инвалидности состоит более 80 тысяч детей. Дети с особенностями психофизического развития имеют, как и все другие дети, определенные права, среди которых и право на получение качественного образования. И реализация данного пилотного образовательного проекта была направлена на решение этой проблемы нашего общества. Это означает, что ЗКУ им. М. Утемисова успешно решает и вносит свой вклад в решение задачи поддержки института семьи и детства, создание инклюзивного общества, озвученного главой государства Касым-Жомартом

Токаевым в Послании народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана».

Ребенок с особыми потребностями в образовании – это новое для современного общества понятие. Появление данного термина свидетельствует о взрослении нашего общества – изменении общественного мнения к инвалидам, формирует отношение к ним как полноценным людям, имеющим особенности развития, будь то ребенок с ограниченными возможностями или просто попавший в тяжелую жизненную ситуацию. И наша задача - создать равные возможности получить знания и развиваться для людей с особыми потребностями путем подготовки кадров со специальным образованием.

В 2017 году в целях интеграции в мировое образовательное пространство, направленное на расширение доступа студентов Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова к зарубежному образованию, отдел двудипломного образования университета инициировал и создал совместно с Башкирским государственным университетом инновационно-образовательный консорциум по реализации программ двудипломного специального образования. Были разработаны и подписаны ряд необходимых договоров и соглашений, учебный план и образовательная программа. В результате, впервые в истории университета, реализован Международный образовательный проект двудипломного образования по программе «Дефектология».

Координатор проекта - доктор технических наук, профессор Г.С.Гумаров, руководитель программы - кандидат педагогических наук, доцент Г.А.Ергалиева, методисты проекта - магистры филологии Г.С. Аbugалиева и С.Н. Ерниязова. В ходе реализации образовательной



программы все студенты прошли непрерывную трехнедельную педагогическую практику в КГУ «Областная специальная школа-интернат для детей с нарушением зрения» управления образования акимата ЗКО, директор А.Н.Ғұбаев.

В реализации двудипломной образовательной программы «Дефектология» были задействованы преподаватели: Ш.Т.Ғабдрахманова, А.С.Иргалиев, Г.А.Ергалиева, С.А.Шуйншалиева, Н.У.Кулдашева, А.А.Жумабаева, С.Б.Калаханова, Э.С.Мендыгереева, Г.С.Аbugалиева, В.Т.Арыстанғалиева, Ю.М.Жидкова, А.Ж.Кенжеғалиева, Ж.Т.Хамидуллина, С.Н.Ерниязова и др.

Председатель аттестационной комиссии - доцент кафедры педагогики Башкирского государственного университета, кандидат педагогических наук Р.М.Султанова, при подведении итогов междисциплинарного экзамена, особо отметила выпускников программы Мақсотову Толқын, Кузьмину Татьяну, Какимоллаеву Нұрайм, Шунышкалиеву Аружан, Искалиеву Наргиз, Айтжанову Гүлсезім, Бажиеву Динару, которые показали отличные знания и владение методиками инклюзивного образования.

Уверен, все выпускники двудипломной программы «Дефектология» внесут свой посильный и достойный вклад в решение стоящих задач по развитию инклюзивного образования Казахстана.

Г.С. ГУМАРОВ,
доктор технических наук, профессор

«Біздің міндет – жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу».

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев

Жаңа бағыттағы жаңаша білімді игердік



Университет қабырғасындағы соңғы жылымыз. Мектеп табалдырығын ұстаз болып аттайтын күннің де ауылы алыс емес. Қазіргі жағдайымызға қарап, «мұғалім болған сондай оңай ғой, тезірек бітірсек екен» деген ойдың келетінін де жасырмаймыз. Бірақ бүгінгі әлемдік мәселеге айналған «пандемия» көп нәрсені, көп қате ойды өзгертті. Әр нәрсенің өз қиындығы мен қызығы мол. Соның ішінде жаңа әлемдік мәселеге айналып, үлкен еңбек пен төзімді қажет еткен жаңа бағыттағы «қашықтан білім алу, қашықтан оқу, оқыту». Кейбір білім ордалары үшін таныс жағдай болса, кейбіреулері үшін таңсық нәрсе. Оның үстіне жаңа заман талабына

сай білім де жаңаланып, жаңа технологиялар мен жаңа идеялар бой көтеруде. Ал осы жаңа бағытта, еш кедергілерге қарамай жаңаша білімді игерту, оқыту, білім алушыға түсінікті қылып жеткізу – тек білікті де мықты ұстаздың қолынан келетіні сөзсіз. Қазіргі таңда осындай келеңсіз жағдайлардың арқасында да ұстаз рөлінің соншалықты биік екенін, қадірлі екенін көп жан ұққандай...

Адамның тұлға болып қалыптасуы үшін ең маңызды ол – мамандық таңдау. Өзі қалаған мамандықта оқыған жан білікті, өз ісінің маманы болмақ. Әрине, ол біліктілікке жету жолында ұстаздың ықпалы өте зор. Үйренерің де, өзгеге үйретерің де сол бір жанның арқасында бастау алады. Біз Б-41 тобының студенттері қазіргі таңда өз мамандығымызды дұрыс таңдадық деген ой түйдік. Әрине, бұл сенімділігімізді арттырған біздің ұстаздарымыз. Қашықтан оқу үдерісі жүріп жатса да, оқу курсымыздағы сабақтарымыз біз ойлағандай, біз қалағандай білім меңгерумен жүріп жатыр. Соның ішінде «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Биологияны оқытудағы инновациялық технологиялар» сынды оқу курстарынан алған 1 семестрлік біліміміз бізге өмір бойы еңбек жолымызда, білім беру әдістерімізде үлкен көмегін тигізеді сөзсіз. «Ертең маман болып, оқушылардың алдына барғанда қалай үйретемін, қалай меңгертемін?» деген қорқыныш сезімдері осы оқу курстарын оқып, үйрену арқасында жойыла бастағандай. Осы сабақтар арқылы қарапайым болып көрінетін презентациялық жұмыстар жасаудың дұрыс жолын, баланы сабаққа, оқу процесіне қызықтыру жолын, алдағы уақытта инклюзивті балалармен жұмыс жасау ретін, дарынды да таланатты балалардың одан әрі қабілеттерін ашып, оған қолдау көрсету техникаларын, жан-жақты мұғалім бейнесін беруді – осы курстардан түсініп, меңгердік десек қателеспейміз. Әрине осының барлығын жеткілікті

деңгейде меңгерте білген ұстазды айтпай кету мүмкін емес. Жаңа форматқа бейімделіп, бізді де сол арнаға сала білген, жаңа бағыттағы жаңаша білімді игерткен мықты ұстаз Бимағамбетова Гульнара Адилгиреевна дер едік. Практикалық жолмен үйреніп, көзбен көріп алатын білім болса да, ақпарат көздері арқылы барлығын көрсетіп, нақышын шығарып, бояуын қанық қылып жеткізе білгені – біз үшін үлкен үлгі. Ұстазымыздың әр сөйлеген сөзінің өзінен біз болашақ ұстазға қажет болатын тәрбиені де көре білдік. Әр сабақты түрлі ақпараттармен меңгертіп, біздің қызығушылығымызды оята білгенінің өзінен біз болашақта оқушыға да солай байланыс жасау қажеттігімізді түсіне алдық. Биология пәнімізге сәйкес оқыту технологияларын қай кезде қалай қолдану керек, білім беру кезінде оқушының қалауын орындай отырып, өз мақсатыңды орындатуды ұстазымыздың жұмысынан, бізге үйреткен техникаларын түсіне білдік. Әр ұстаз өз сабағының көшбасшысы. Сабақты дұрыс бағыттау білу, ол шеберлігіне байланысты. Гульнара Адилгиреевнаның шеберлігінен біз көп нәрсені санамызға түйе білдік. Өз ойын анық жеткізетін, жоғары дәрежеде ойлай алатын, әрдайым көшбасшы бола алатын оқушыны қалыптастыруда оқу бағдарламасында қаралатын жеті модульдің де ықпалы зор дер едік. Ал осы білімді теорияда қолдана алатын, ең бастысы соның барлығын жүрекпен жасайтын құзырлы мұғалім болу - біздің басты міндетіміз деп есептейміз. Жаңа заман талабына сай жаңа ақпаратты жеткізетін жаңашыл да жан-жақты ұстаз болуды да осы сабақтардан ұққандаймыз. Сөзіміздің басында Тұңғыш Президентіміздің сөзін мақаламызға тұздық еткендей, расыменде жаңа ағымнан қалып қоймай, керісінше сол арнаға оқушыларды тартып, жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, жаңа технологиялармен балалардың таным көздерін ашып, бәсекеге қабілетті ұрпақ етіп тәрбиелеу – біздің мақсатымыз бен міндетіміз. Ал мақсатқа бастауды, сенімді, күшті – біз осы оқу курстарынан алдық, түсіндік, зердемізге тоқыдық.

Біз Б-41 тобының студенттері алдымызда күтіп тұрған мемлекеттік педагогикалық сараман кезінде, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді биология сабақтарымызда қолдана отырып, көптеген жақсы нәтижеге жетеміз деген сенімдеміз. Сөз соңында өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, оны оқушыға жеткізе алатын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін үлкен жүректі ұстаз болайық дегіміз келеді.

Б-41 тобының студенттері
Жаратылыстану-география факультеті

Қашықтықтан оқыту технологиясының белсенді ұйымдастыру технологиялары

Соңғы 10-15 жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін еркендетудің басты мақсаттарының бірі - оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату курсы маңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бесаспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы енгізбейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қашықтықтан оқыту (ҚО) - білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен студенттің территориялық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының *кейс* және *желілік технология* деген түрлерін ерекшелеп көрсетуге болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуына интернеттің әсерін бағалау қиын. Ол ара қашықтықтың қысқартумен қатар, оқытушы мен студентке анағұрлым көп еркіндік береді. Енді тыңдаушы немесе студент тапсырмалар және тестпен өзіне ыңғайлы уақытта айналыса алады. Оқытушы материал мазмұнын жедел түрде өзгерте алады. Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуы - біздің білім беру жүйесінің болашағы болып табылады. Шетелде күндізгі немесе қашықтықтан білім берудің қайсысының дұрыстығы жөнінде сөз де болмайды. Өйткені, басты орынды қашан да сапалы білім алады.

Қашықтықтан оқытуда өз бетінше жүргізілетін жұмысты сөзжұмбақтар, шарада немесе тапсырмалар арқылы ұйымдастыру, жаңа тақырыптарды меңгеру үшін өте ыңғайлы. Қашықтықтан оқытудың жетістігі - оқытушының өзінің қатысуынсыз оқушылар назарын өзінен тыс қалдырмауға қабілеттілігіне байланысты болады. Жаңа тақырып бойынша берілетін материал баспаға шығарылған түрде қашықтықтан оқыту курсына электрондық түрде немесе электрондық оқулық түрінде беріледі. Жаңа тақырыпты бұлай баяндау кезінде сабақтың басты элементі форум немесе чат болып табылады. Мұндай баяндаулар алдын ала жоспарланып, алдын ала даярланған сценарий бойынша жүргізіледі. Оқу үрдісіне тьютор белсенді қатысады. Қашықтықтан оқытуда жаңа материалды баяндаудың тағы бір нұсқасы виртуалды шебер. Әдетте оқу материалын баяндау және талқылау бір мезгілде жүргізіледі.

Қашықтықтан оқыту жүйесін әрқайсысы өз кезегінде бірнеше компоненттерден тұратын үш компоненттің жиыны ретінде қарастыруға болады. Олар:

1. Дидактикалық жүйе;
2. Технологиялық жүйе;
3. Қамтамасыз ету жүйелері.

Қашықтықтан оқыту үшін оқытудың жалпы

дидактикалық бес әдісін қолдануға болады:

1. Ақпараттық-рецептивті;
2. Репродуктивті;
3. Мәселелік мазмұндау;
4. Эвристикалық;
5. Зерттеу.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл-тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тар мағынадағы қашықтықтан оқу ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі технологиялары бар:

Кейс – технология – оқытушы дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланатын жүйелердің өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген. **Кейс технологиясы** (ағылшынның case—портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

Кейс – технологияға арналған материалдар түрлері мыналар:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарындағы пәндер бойынша электрондық тасымалдауышта (CD-ROM) оқу-әдістемелік материалдардың кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері пайдаланылады.
2. Жұмыс дәптері.
3. Анықтама.
4. Оқу, аудио, бейне материалдары.
5. Бақылау және емтихан материалдары.

Қашықтықтан оқытуға арналған кейстердің сапалық қасиеттері:

- курстың терминдер мен ұғымдарына арналған гипертекстік құрылымы;
- пайдаланушыға ыңғайлы құрылым – мұғалім материалды беру реті мен бейнелеудің бірнеше түрін таңдай алады. Сол арқылы бір оқу материалын әртүрлі аудитория үшін әдістемелік қажеттілік болса әртүрлі түрде беру мүмкіндігі бар.
- кейстің құрамына белгілі бір нормативті талаптар



жоқ. Кең таралған документтер мен дыбыс, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу пайдаланылады.

- Оқушы оқулықтың кез келген бетін қағазға шығара алады.
- Оқушы оқу материалдарына кез келген әдіспен қол жеткізе алады (Интернет, CD-ROM).
- Оқулыққа кіріктірілген білімді тексеру жүйесі бар.
- Оқулық бетінен Интернет ресурстарына қол жеткізуге болады.

Желілік технология - білім алушы, оқытушылар, әкімшілік арасындағы интерактивті өзара әсері мен оның оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталуын қамтамасыз етуде телекоммуникациялық желіні қолдануға негізделген.

Оқытудың желілік – технологиясына жатады:

Интернет желісін пайдалану;

Электрондық поштаны пайдалану;

Телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалану;

Мультимедиамен жабдықталған, интернетке шығу мүмкіндігі бар желілік компьютерлік класс.

Электронды пошта тыңдаушыларға курстың негізгі мәселелері бойынша конфиденциалды хат жазысуға мүмкіндік береді. Электронды пошта арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен жіберу мүмкіндігінің арқасында тыңдаушыға көмек дер кезінде, сұранысты алған соң бірден көрсетіледі. Интернет көмегімен тыңдаушылармен кері байланыс орнатып қана қоймай, олардың оқу қызметін бақылауға, бағалауға болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Сонымен, қашықтықтан оқыту — адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Булбул НАСЫРОВА,

Информатика кафедрасының оқытушы, магистрі

Қоғамдық мәселеге жастардың көзқарасы қандай?

Жастар - қоғамның қозғаушы күші. Болашағын бағамдайтын мемлекет жастарының санасының ояу, білімінің жоғары болуына басты мән береді. Білім мен ғылымның салтанат құруы Отанның еңсесін ешкімге бастырмауға сеп болатынын бүгінгі заман дәлелдеп отыр. Жастарды тәрбиелеудің маңызы жайында Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы - бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады» - деп атап көрсеткен болатын. Еліміздің болашағы - жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, ел үшін еңбектенуге міндетті.

Жалпы жастардың қазіргі қоғамда болып жатқан сан түрлі мәселелерге көзқарастары қалай? Жастар арасында қандай шешімдер қабылданады?

Қоғамдағы мәселелерге байланысты бүгінгі санасы ояу жастардың сауаттылығы өте жоғары. Қазір Қазақстанның барлық қалаларында жастар бастамаларын дамыту орталықтары бар.

Орталықтардың басты мақсаты - қоғамдағы түйткілді мәселелерді шешу, жастарға қолдау көрсету. Елімізде басты мәселелерге айналған мәселелер – жұмыссыздық, ата-ананың қарауынсыз қалған балалар, өз баласы тастап кеткен ата-ана, салт-дәстүрлердің ұмытылуы, жастардың батысқа еліктеуі.

Қоғамдағы мәселелерді шешуде жастар бірлесіп ерікті болып жұмыс жасайды. Жетімдер үйіне, қарттар үйіне, сондай-ақ, көптеген іс-шаралардың жақсы өтуіне қол ұшын береді. Түрлі тренингтер, шеберлік сағаттары, байқаулар, мерекелік іс-шаралар өткізіледі.

Халқымыздың бүгінгі жағдайына бей-жай қарамайтын намысты ұл-қыздар әлеуметтік желілерде қоғамда өршіп тұрған мәселелерге қатысты түрлі пікірлерін айтып, қазақ ұлтын бас көтеріп, оянуға шақыруда. Бірі өлеңдетіп, бірі қара сөзбен жеткізіп жатса, енді біреулері қазақтың қара домбырасын алып әндетіп, күйін шырқауда.

Қазақстанның болашағы қазақ жастарының даму деңгейімен, олардың қоғамға ықпал етуімен байланысты. Болашақтың негізі бүгін қаланады.

Анэля ЖОНЫСОВА,

Филология факультетінің 2-курс студенті

«Вокзалға дейін таксимен барамын ғой, бас киімімді кимей-ақ қояйын» деген оймен Мөлдір шабаданының сырмасын асығыс салып, үйден шығар есікке қарай бет алды. «Бәрі түгел сияқты»- деп қол сөмкесін тағы бір рет тексеріп, есікті құлыптап сыртқа шықты. Шықса, таксист ағай әлі келмепті. Қолындағы сөмкесін қоя сала телефонынан нөмерді іздеп жатты.

-Алло, ағай? Қай жердесіз? Кешігетін болдым ғой.

-Келе жатырмын, қызым. Алматының кептелістерін өзің де білесің ғой. Қорықпа, үлгересің

Таксист ағайға іштей ренжігенімен, кептелістің шын мәнінде бұл уақытта мүлде өршіп кететінін түсінген Мөлдір ашулана қоймады. Алматының қысы сонша суық болмаса да, бүгінгі күн ызғарлы екен. Құлақтарының қызарып бара жатқанын байқады да, шабаданның ішіне бас киімін іздеуге сүңгіп кетті.

Мөлдір – ата-анасынан 4 жасында қытымыр қыстың аязды күнінде жол апатының үстінде айырылған, өз күшімен өмірдің өткелдерінен өтіп, тауқыметті көп тартқан қыз. Нағашы әжесінің қолында бойжеткеннен кейін арман қуып, Алматыға келген. Қазір таулы өлкедегі беделді жоғары оқу орындарының бірінде 3-курс студенті. Мамандығы - заңгер. Оқуына бар жауапкершілікпен, адамдарға қаталдықпен қараса да, іштегі Мөлдір өте нәзік жан еді... Тек онысын жан баласына көрсетпейтін

Мөлдір бас киімін табамын дегенше, таксист ағай да келіп қалды. Көліктен түсіп, шабаданын жүксалғышқа салып жатыр. Мөлдір артқы орынға байыппен жайғасты да, сағатына қарады. 20 минут қана қалыпты.

-Аға, өтінем, барынша тез айдауға тырысасыз ба? Пойыздан қалып қоймауым керек.

-Тырысамын ғой, қызым. Өзің қай жаққа жол тарттың?

-Астанаға бара жатырмын. Жарты се-мстр сол жақта оқымақпын.

-Бәрекелді, зейінің ашылсын. Неге ұшақпен бара салмадың? Уақытың да кетпейді, тез жетесің.

-Ұшақпен баруды мен де біліп тұрмын, аға-ау.

Пойыздың атмосферасы тым бөлек қ о й . Жеткенше ж о л ғ а қ а р а п

ойланасың, асықпай кітабыңды оқып, тербеген пойызда бесікте жатқан сәбише тербеліп, рақаттана ұйықтайсың.

-Еее, оның да дұрыс шығар.

Таксисит ағай пойыздың кетуіне 5 минут қалғанда вокзалдың алдына келіп тоқтады. Ескі сары жигулиден асығыс заттарын ала салып, ақшасын төледі де, Мөлдір вокзалдың есігіне қарай жүгірді.

-Жолың болсын, қызым! Абайлап жүр.

-Рақмееет, аға! Сау болыңыз!

Заттарын тексерістен өткізіп, жерасты жолымен пойыз жолына бара бергені сол еді, вокзалдағы апайдың «Құрметті жолаушылар! Алматы-Астана бағытындағы жүрдек пойыз жолға шыққандығын хабарлаймыз!» деген сөздері құлағын тесіп бара жатты.

- «Туууф, 5-ақ минут еді ғой, 5-ақ минут. Қалай жетемін енді? Осы неге бір айналдырса, шыр айналдырады екен?»- деп қабағын түйіп тұрған күйі Мөлдір ұзақ тұрды. Дегенмен, айтқанынан қайтпайтын қайсар қыз, кассаға барып билет сұрастырып көруді жөн санады.

-Сәлеметсіз бе! Мен сағат 12:10-ға Алматы-Астана бағытына билет алып едім, бірақ үлгермей қалдым. Сіздерде бүгінгіге, тым болмаса ертеңгіге билет табыла ма?

-Сәлеметсіз бе! Өкінішке орай,әзірге тапсырылған немесе артық қалған билеттер жоқ. Тек қана 1 аптадан кейінгі уақытқа билет бар. Аласыз ба?

-Жооқ, 1 апта тым көп. Құжаттарымды өткізіп үлгермеймін.

-Сәлеметсіз бе, менде бүгін сағат 16:30-ға артық билет бар. Аласыз ба?

Мөлдір артқы жағына бұрылып қарап еді, өзімен шамалас, бойы сұңғақ, көзі теңіздей көк, сымбатты жігіт тұр екен. Іштей толқып кетсе де, Мөлдір бұнысын байқатпауға тырысты.

Сұңқар 19 жасар, полиция қызметкері мамандығында Астана қаласында оқитын жігіт. Алматыға анасының туған күніне келіп кеткен болатын. Мөлдір өзіне қараған кезде іштерінде мұң жатқан тұңғиық қара көздерге сүңгіп кеткендей болды. Қара шашты, қара көзді, қалың қасты арудың бойынан бір мін таппай, алғаш көргеннен бойын жинай алмай қалып еді. Оның ойларын Мөлдірдің әсем даусы бұзды...

-Сәлеметсіз бе! Иә, аламын. Көп рақмет!

-Оқасы жоқ.

Мөлдір қуанған күйі сөмкесі мен шабаданын алып, есікке қарай беттеді. Сағатына қараса, уақыт 13:40-ты көрсетіп тұр. «Алматының кептелісімен мен үйге жетем дегенше, сағат 15:00-ден асып кетеді. Бұл пойыздан қалсам, оңбай қалам»-деп өз ойына өзінің күлкісі келіп, жақын маңдағы кофейняға түстенуге кетті.

Мөлдірдің ең сүйікті ісі-кофейняда капучиноны ұрттап қойып, тыныштықта кітап оқу. Кенет оның осы тыныштығын бір дауыс бұзды:

-Кешіріңіз, отырсам бола ма?

Мөлдір басын көтеріп қараса, жаңағы билетті бұған сатқан жігіт тұр. Көздері түйісіп қалғанда, қысылып не

Екіншісі келеді (жүректе қонақтаған көктем)

Екі жас бір-біріне қарап жымып қойды. Беттері қып-қызыл болып кеткен еді. Әженің мұндай тілек білдіргеніне ыңғайсызданып, ұзақ уақытқа дейін үнсіз отырды. Сырттай ұялып тұрғандарымен, іштей бір жылы сезімге бөленіп жатқан еді.

Мөлдір мен Сұңқар жеке қалып кітап оқитын және тамақтанатын уақыттарынан басқа бар сәтті бірге өткізді. Екеуі бірге оқыған кітаптарын талқылады, саясат туралы айтты, жеке өмірлерінен де сыр шертісті. Мөлдірдің осыдан 2 жыл бұрын қатты жақсы көрген адамы болып еді, бірақ, тағдырдың жазуымен онысы басқа адамның артынан кеткен. Мөлдір оны ұзақ уақытқа дейін жібере алмады, сондықтан да, жүрегінен ешкімге орын бермеп еді... Дегенмен, Сұңқардың жөні бөлек. Оның әңгімесі қызықты, көзқарасы жылы, сөйлегені жағымды. Сағаттап тыңдап отыра беруге де әбден болады. Ол іш пыстырарлық әңгіме айтпайды. Осы уақытқа дейін Мөлдірге жазған жігіттердің біреуіне де ұқсамайды, мүлде бөлек. Мөлдір де оның жанында өзінің қатал кейпінен шығады, шынайы, нәзік қалпына түсіп, Сұңқарды 10 жыл білетіндей, бәрін айтады. Ештеңе жасырмайды.

Дәл осы сапардан соң, Сұңқар мен Мөлдір жұп болды. Арман қала Астанаға барған соң, Мөлдір Сұңқар оқып жатқан университетте оқығалы жатқанын білді. Сұңқар Мөлдірдің жанынан бір елі ажырамай, құжаттарын тапсыруға көмектесті, қаламен таныстырды, оқуына да көмек көрсетті. Жарты жылдың ішінде екеуі университеттегі ең әдемі жұпқа айналды. Жаз мезгілінде екеуі де Алматыда болып, барлық уақытты бірге өткізді. Соңғы курс екеуі үшін де оңай болмады. Өйткені, екеуі екі жақта, жауапкершілік көп, кейде бір-біріне көңіл бөле алмай қалатын. Дегенмен, екеуі бұл сынақтан бірге өтті, ешқандай жағдайға қарамастан, үнемі бір-біріне қолдау көрсетіп, махаббаттары нығая түсті...

ЖОО-ларын бітіріп бірге жұмыс істеп, бір жарым жылдан соң шаңырақ көтерді. Мөлдірді жаңа үйінде «жетімсің» деп ешкім шеттетпеді, керісінше, Сұңқардың анасы Мөлдірді өз қызындай көрді. Інілері «жеңгетайлап» шауып жүрді, атасы үнемі батасын беріп отырды.

Қазір Мөлдір мен Сұңқар бөлек үйде Астанада тұрады. Үйлері өздері қалағандай шағын, жарық, ең бастысы - махаббатқа толы. Олар алғашқы қыздарының атын Бақыт деп қойды.Мөлдір шын бақытты еді, ол өзінің өмірлік серігін, жан жолдасын тапты. Ол Сұңқардың Мөлдірді жалғыздыққа қалдырмайтынын біледі, арқа сүйейді.

Сұңқар Мөлдірдің көңілі қалған қыс мезгілінде жүрегіне келіп қонақтаған көктемі еді. Дәл сол жылы Мөлдірдің жүрегіне келген көктем секілді, Астанаға да көктем әдеттегіден ерте келді..

Олардың кішігірім үйінің дәлізінде «Кетіп қалған пойыз бен адамның артынан жүгірме. Міндетті түрде екіншісі келеді»- деген жазу ілініп тұрды...

Ауда ОПА3,
Филология факультетінің 2-курс студенті

Тезірек өзге өмірге аяқ аттап басқым келгені ме немесе жаңа өмірді қызық көрдім бе, тіпті шығарып салған анамды дұрыс құшақтамай, көк шабаданымды ұстап алып, көлікке міне кетіппін. Мектепті енді бітірген он сегіз жастағы қыздар неткен қатал, ә? Студенттік өмірдің мені қол бұлғап шақырғаны қызықтырып, үйден ұзақ уақытқа жырақтайтыныма көп қапаланбадым да. Менің ойымды тек «мені алда не күтіп тұр?» деген сауал ғана мазалады.

Жатақхананың есігін ашқан кезде мені ернін қып-қызылға бояп алған, көзі көкпенбек, шашы түйілген, вахтада күні-түні отыратын жұмысына мәз емес апай қарсы алды. «Келді тағы біреуі. Бітпейсіңдер ғой деймін. Отырмайсыңдар ма ауылдарыңда?» деген сөзі менің жаңа өрекіпген көңілімді басып тастады. «Мә, 93-ші бөлме. Бар ана бөлмеге, комендантант пропуск ал» деп мені «Входить только после стука» деп жазулы тұрған есікке қарай жіберді. Осылай мен тоқсан үшінші бөлменің тұрғыны атандым.

Кішкентай бөлмені бес қыз бөлісетінбіз. Бөлmemізге бес керуетпен қатар киімге арналған шкаф, үстел, тіпті тоңазытқыш та сыйып кеткен. Ауылдан анам беріп жіберген кілемді жайып қойғанда бөлmemізге жылулық орнаған сынды болды. Тоңазытқышқа бөлме жинайтын күндеріміздің кестесін іліп қойдық. Бөлме атмосфера болу үшін қабырғаларға суреттерімізбен қоса түрлі-түсті гирлянданы жабыстырдық. Соның арқасында түн сайын біздің бөлmemіз сиқырлы болып көрінетін.

Бесеуіміз бес түрлі болдық. Аружан өте салмақты еді. Оның сабырлығы бәрімізді таң қалдыратын. Басына қандай қиын жағдай түссе де, «өмір ғой» деген бір сөзімен ғана жеңетін. Үйінің жалғыз қызы болса да, ешқашан еркелік танытпаған. Мінезі қатал еді. Шынымды айтсам, Аружанның ашуынан қорқатынымын. Бірде бөлменің кілтін жоғалтып алғанымда «Иә, жүр солай, он сегізге болып алып! Тіпті төрт жасар бала да сол кілтті жоғалтпайды!» деп тура анам секілді ұрысып жібермесі бар ма? Бірақ, бізге жаман болсын деп емес, жақсы болсын деп ұрысатын.

Дияраны біз бөлmemіздің сәніне балайтынбыз. Оның аспан секілді көк көздеріне бір қарасаң болды, ғашық боласың да кетесің. Оны «наш Петросян» дейтінбіз, себебі күлдіртуден талмайтын. Оның сабақтан келетінін күтіп отыратынбыз, себебі міндетті түрде бір қызық жағдайға ұрынып келіп, соны бізге эмоцияға толы күйінде айтып беретін. Жүзі жайнап жүретін Дияраны ешкім ата-анасыз, балалар үйінде өсті деп ойламайтын. Ол онысын ешқашан білдіртпейтін де. «Аяғандарын қаламаймын» дейтін. Тек бір түні арқалап жүрген ауыр мұнын біздерге жайып салды. «Мен ата-анасы барларға қызығамын. Тәңірімнің менің басыма сол бақытты аз көргені жанымды қажытады. Ананың жылулығы деген қандай ол? Неге мен тәрбиеші апайлардан таяқ жеп өмір сүрдім?!» деп егіліп жылап еді...

Бөлmemізге кіргендер алғашында Саяны байқамайтын, себебі ол үнсіз отыратын. Одан күніне он сөйлем естісек мәз болатынбыз әйтеуір. Оған қоса Сая тым ұялшақ еді. Бірде өзге бөлменің қызына сыпыртқымызды беріп, келесі күні өзі бөлме жинайтын болғанда сол қыздан сыпыртқыны сұрауға ұялатын. Маған келіп, «өтініш, сұрап бересің бе?»-деп еді. Ол бөлmemіздегі ең кішкентайы еді. Жасы он сегізге желтоқсанда толады. Сондықтан оған Дияра «мой малыш» дейтін.

«Оооһ, қыздар, мен сендерге қазір күштііі әңгіме айтып беремін» деп Ақерке бір сағаттық әңгімелерін бастайтын. Қайдан естіп, біліп келетінін білмеймін, әйтеуір бүкіл филфактың жаңалығын содан білетінбіз. «Жұрттар Незнайка болса, біздің Ерке - Всезнайка!» деп күлетін Аружан. Түннің бір уағында тұрып «Шәй ішкім кеп тұр» деп шәйнекті тоққа қыстыра салатын. Сосын ол тамақ жасағанды сүйетін. Неше түрлі дәмді тағамды соның арқасында жедік. «Не қып филфакта жүрсің, аспаз болсай, а?» дейтін оған Дияра. Бір түні мені оятып, «Мә, менің есіме бір нәрсе түсіп кетті. Арнұрды танысың ғой?» деп бір әңгімені бастан-аяқ айтып берген болатын.

Бесіншісі мен едім. Қиял әлемінің тұрғыны, әдебиеттің тұтқыны. Олар мені «қияли» деп келемеждейтін. «Осы аспан жерге айналып түссе де, сен оны байқамайтын шығарсың» дегені бар еді Ақеркенің. Мен күліп: «қайтейін енді?» - деп ақтала салатынымын.

Бес түрлі болсақ та, ортақ дүние таба біліп, бір отбасының қыздарындай күн кештік. Көрген қиыншылықтардың барлығын бірге көтере білдік. Бір-бірімізді құрбы емес, туғанымыз ретінде көретінбіз. Біздің бөлмені барлығы білетін. Қызыға қарайтын. Тіпті орыс комендант апайдың өзі «мои уютные девочки» деп атайтын бізді. Біз «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!» деген ұранға адал болдық. Қандай жағдай болмасын бесеуіміз бір-бірімізді жақтап, қорғап, қолдап жүретінбіз. Жыласақ бірге жылап, қуансақ бірге қуанатын бесеу едік.

Он сегіз жастағы қыздардың ойында не жүрмейді, иә? Сабақты да, тамақты да, тіршілікті де, жұмысты да, тіпті махаббатты да ойлайтынбыз. Махаббатты да демекші Дияра бір жігітке ес-түссіз ғашық еді. Жігіттің есімі Бека екенін ғана білетін едік. Күнде келіп соның әңгімесін айта беретін. «Білесіңдер ме, қыздар, оның бойы ұзынын, сосын шаштары бұйра-бұйра. Қарағанын айтсандаршы, ана жерде жүрегім сальто жасайды прямо» деген сөздерін күн сайын еститінбіз. Бірақ Дияра бізге оның суретін көрсетпейтін. «Қойындаршы, сіздерге ұнамай қалуы мүмкін» дей салатын. Әйтеуір сөйтіп жүргеніне бір айдан асқанда «Қыздаар, мен бүгін кездесуге барамын, кездесуге! Ойлаңыздаааршы! Ол мені шақырды! Наконец-тоо!» деп бөлменің есігін аша саласымен үнсіз отырған Саяны құшақтап, айқайлағасы бар ма? Көмпип алған кішкентай қыз секілді керуеттің үстінде секірді. Әрине біз де ол үшін қуанышты едік. Түн сайын «менің Бекам» деп біздің құлақ етімізді жеп болған Дияраның көптен күткен күні біздер үшін де жақсы жаңалық болды. Аружанның «и, не жігіт үшін соншама секіріп, түс болды» дегенін Дияра елемеді де.

«Қыздар, не киемін, м? Ол мені әдемі бір жерге апарамын деді. Білесіңдер ме? Ол сондай романтик! Оған сай болып

тұруым керек қой. Ана қызыл гүлді-гүлді ұзын көйлегімді кисем ше?» деп Дияра шкафтағы киімдерінің барлығын керуетіне лақтырды. Қобалжып тұрғаны көрініп тұрды. Екі беті қызарып, көйлектерін жан-жаққа лақтырып, не киерін білмей, уайымдап тұрды. Соңында әйтеуір ұнамды көйлегін таңдап, шашына қызыл «ободогын» тағатын болып шешті.

Бәріміз Дияраны кездесуге дайындауға кірісіп кеттік. Мен оның аяқ киімін тазалауға кірісітім. Қара туфлиын жып-жылтыр қылуға тырысып, жуа бердім, жуа бердім. Ақерке шаш бұйралағышты қолына алып, Дияраның тік шаштарын бұйраға айналдырып бастады. Сая құрбымызды бояндыратын боп шешті. «Ерініме қызыл далап жақшы, маған өте үйлеседі сол» деген Дияраның өтінішін орындады. Аружан болса өз қобдишасынан алтын алқасын шығарып, Дияраның мойнына тақты. Төртеуіміздің алдымызда тұрған хас сұлу өзге әлемнен келгендей. Қарасаң көзің тоймайтын сұлулықтың иесі кездесуге баруға дайын еді.

- Эх, тіпті сені жібергім келмейді де. Ана Бекаң қандай боларын кім білсін, одан да менің ағам Мөкөнге шыға салсаңшы. Қызғаанып тұрғаным-ай!- деп күліп жіберді Ақерке.

- Ой, Ерке, Мөкөн ағаңды қоя салшы. Шәй ішерміз деп алып, жоғалып кеткен өзі емес пе? Бека сияқты болу керек! Жақсы, қыздар, мен кеттім. Түнде бәрін айтам ғой, не волнуйтесь вы. - деп жауап қайтарған Дияра бөлменің есігін ашып, кездесуге асығып кетті.

«Қалай ойласыңдар, қыздар, ана Бекасы сенімді жігіт пе өзі?»-деп сұрады сағат тоғыздан кеткенде Аружан. Біз ол Бека туралы ештеңе білмейтінбіз. Қай факультет, нешінші курс, тіпті шын есімін де білмедік. Не деген аңқау құрбы едік, ә?

Сағат кешкі он жарым болған кезде уайымдай бастадық. Жатақхана он бірде жабылады. Дияраға хабарлассақ телефоны өшірулі. Беканың нөмірі жоқ. Дияраның бақытты жүзіне қарап, тіпті Бекасы туралы дұрыстап сұрап алуды да ұмытып кетіппіз. Жатақханаға үлгермесе Дияларының бара салатын туысы да жоқ, пәтер жалдайтын ақшасы да жоқ. Төртеуіміз не істерімізді білмей отырдық.

«Қайтеміз, қыздар? Дияра он бірге дейін келмесе ше?»- деп Ақерке бұл мәселенің шешімін табуға кірісті. Мен

Біз бесеу едік...

үнсіз отырдым. Сағаттың тілі он бірге жеткенше Дияраның жатақханаға үлгеріп келетініне сенгім келді. Олай болмаса не боларын ойлағым келмеді. Ал Аружан болса: «Жоқ, бұлай болмайды. Не іздеуге шығамыз, не старостаға айтамыз!» - деп айтты да, күртешесін кие бастады. Қалған үшеуіміз де сырт киімімізді киіп, далаға шықтық. Дала суық еді. Қорқақ Сая менің қолымды қысып ұстап алды. Телефондарымыздың жарықтарын қосып, жатақханаға жақын жерлерді араладық. Қайда кетуі, қайда баруы мүмкін еді ол?

«Ди-ля-ра!» деп айқайлаған дауысымыздың жаңғырығы барлық жерге естілгендей. Аяғымыз талып, жүре-жүре шаршаған төртеуіміз сүйікті саябағымыздың орындығына кеп жайғасқанда ғана сағаттың тілі түнгі үшке жеткенін білдік.

«Қыздар, Дияра таңертең келеді ғой? Аман-сау келеді ғой?» - деп жылап жіберген Саяны аяп кеттім. Бәріміз де қорқып отырдық. Дияраның аман-есен келетініне сенгіміз келді. Ішіміздегі ең жігерлісі Аружан еді.

«Сая, болды! Келеді ғой. Біздің Дияра өжет. Кәміл жатақханаға үлгермей қалып, отыр ғой бір жерде. Осыдан келсінші, шашын жұлып, қолына беремін ол қыздың!» - деді ол. Көз алдыма бойы кішкентай Аружан өзінен ұзын Дияраға ұрысып тұрған көрініс елестеп, екі езуім жоғары көтерілді. Кәміл таңертең бізге болған оқиғасынын бәрін айтып, бесеуіміз рахаттанып күліп алатындай болып көрінді. Сөйтіп отырғанда бір-бірімізді құшақтап отырған төртеуіміз орындықта қалай ұйықтап кеткенімізді байқамай қалыппыз.

Біреу кеп мұрнымды қытықтағандай болып көрініп, мен ұйқылы-ояу «Дияра, тиіспеші» деп ыңырсыдым. Кейін біздің түнде оны іздеп жүргеніміз есіме түсіп, лезде атып тұрдым. Сағатыма қарасам уақыт таңғы жеті. Қала ұйқысынан оянууда. Жүйіткіген көліктердің дауысы естілуде. Қайдасың сен, Дияра?

Жанымдағы үш арудың ұйқыларын қимасам да, оларды оятуға тура келді. Сол кезде Тәңірдің өзі бізді сақтап қалыпты. Түнде келіп біреулер тиіссе қайтпекпіз?

Ұйқысы қанбаған төрт ару жатақханаға бет бұрдық. Төртеуіміз де бөлменің есігін ашқанда Дияраны көргіміз кеп, үмітімізді үзбей келе жаттық. «Мына төртеуі қайда кеткен?» деп ойлап, уайымдап отырған шығар ол. Сосын ренжіп отыр айтпай кеткенімізге. Ренжімесе Дияра болмайды.

Жатақханаға жақындағана ғана есік алдында полицияның көлігін және жедел жәрдем қызметкерлерін көрдік. «Бұлар не үшін жүр өзі? Кімге не болды екен?»- деді Сая. Ақерке екеуіміздің көзіміз түйісіп, бір-бірімізді түсінгендейміз. Тұла-бойым дірілдеп кетті. Терең дем алдым. Есікке жақындай берген сайын «Иә, Аллаһ, өзің сақтай гөр!» деп тілей бердім...

Ең бірінші болып жатақхананың есігін Ақерке ашты. Бір жамандықтан қорыққандай асықпай кірді. Вахтаның алдынан өтіп, бірінші қабаттың дәлізіне Ақеркенің ізінен кіріп келген біз комендант апайдың «моя бедная девочка, девочка ты моя» деп егіліп жылап отырған дауысын естідік.

Жоқ, мүмкін емес!

Мен Ақеркені қалай итеріп жібергенімді білмеймін, бірақ алдымда тұрған көрініске сенгім келмей, құлап, жерді соққылағаным есімде... Оның жасы небәрі он сегізге еді ғой...

Дияраның киген көйлегінің алды жырттылып, кеудесі қанға боялып, шашындағы бұйрасы ұйысып, қызыл «ободогы»

мойнына түсіп, аяқ-киімінің біреуі шешіліп жатырған түрін көрген кезде «Кім? Кім оны істеген?!»-деп жан айқайын шығарған Сая полиция қызметкерінің кеудесін ұра берді. Аружан болса бұл көріністі көргенде менің жаныма құлап, екі қолымен басын ұстап «Жооооооқ!» деп қатты айқайлап, өкіріп жылады. Ақерке ғана үнсіз қалды. Оның екі қолы дірілдеп, «Суық, мында не деген суық» деп қайталай берді. Төртеуіміз алғашқы рет өмірімізде жақын адамымыздан айырылдық.

Біз түні бойы іздеген Дияраның жансыз тәнін таңғы бесте жатақханаға жақын құрылыс алаңында жұмыс істейтін күзетші тауып алыпты. Сүйікті құрбымның тәні сол жерде неше сағат жатты екен? Үстіндегі пальтосы да жоқ. Жаурап қалған шығар... Соны ойлағанда жүрегім қысылып кетті. Тауып алған күзетші сол бойда полиция мен жедел жәрдемге хабарласқан. Полиция қызметкерлері оның сөмкесіндегі құжаттар арқылы Дияраның біздің жатақханада тұратынын біліп, осында әкеліпті.

Біз енді ғана ес жия бастағанда полиция қызметкері бізден жауап алуға кірісті. Біз не дей алар едік? Құрбымыздың жалғыз өзін біз танымайтын жігітпен кездесуге жібергеніміз жанымызды жегідей жей берді. Өзімізді кінәлі сезіндік.

Төртеуіміздің де күмәніміз Бекаға түсті. Төртеуіміз де Беканы айттық. Төртеуіміз де соны кінәладық. Бірақ біз көнөлаған Бека біздің бөлменің есігін қақпай ашып, «Өтірік деңдерші? Өтірік қой, иә? Ол мені тексерейін деді ғой, иә? Менің Дилёғым тірі ғой? Қайда ол? Қай жерде тығылып отыр?»-деп күліп, «Қайдасың, Дилёк, ойнамашы енді!»-деп



жылады. Ол да біз секілді Дияраны шексіз сүйіпті... Ол да біз секілді өз-өзін кінәлады...

Дияраны өлтірген қылмыскерді бір айдан кейін ғана тапты. Олжас есімді біреу екен. Оны тіпті адам деп айта алмаймын. Айуанның нағыз өзі! Сол құрылыс алаңына қыздың тәнін тастап кеткенде темекіге арналған оттық тәркілендісін түсіріп алыпты. Сол бойынша оны ұзақ іздеп, әйтеуір өрең дегенде қылмыскерді түрмеге қамады.

Бека мен Дияра тоғыздан кете қоштасып, жігіт оны біздің саябаққа дейін шығарып салыпты. Жатақханаға дейін апарғысы келген жігітке Дияраның өзі «қой, ұят болады» деп рұқсат бермепті. Ажалды қараңызшы, ә? Тауып алады екен ғой бәрібір...

Жігітімен қоштасқан аруды көрген бейтаныс біреу: «Қарындас, еу, таныспадық па, чё там?» - деп оған қарай жайлап жақындай бастайды. Саусағындағы салпыншағын айналдырып, аузындағы сағызын көрсетіп шәйнап, ыржиған жиіркенішті түрі оны адам деуге келмейтіндігін көрсетіп тұрды.

- Кетші әрі!» - деп жатақханаға жылдам жүре бастаған Дияра ішінен алдынан біреу болсын шыққанын тілеп келе жатты.

- Оппа, сұлуым, олай болмайды, - деп мысқылдап, қыздың білегінен ұстап, жігіт оны өзіне қарай тартып алған сәтте мойнындағы алқаға көзі түседі. Алқаның қымбат екенін түсінген жігіт қыздың мойнына қарай қолын сұғады. Дияра ол алқаның Аружан үшін қымбат екенін біліп, сұмырайға қарсы шыға бастаған сәтте жігіт қалтасының ішінен кішкентай пышағын шығарып, қыздың тура кеудесіне беттейді. Нәзік ару қалай төтеп бере алар еді? Көзінің алдында барлығы бұлдырлап, ішінен «Тәңірім!» деп ойлап үлгерген бойжеткен соңғы демін шығарды.

Не істеп қойғанын түсінген кезде ғана жігіт Диялараның пальтосының алдын жауып, көтеріп алып, ешкім көрмей тұрған кезде құрылыс алаңына апарып лақтырады. Үстінен пальтосын шешіп алып, өзімен бірге алып кетіп, кейін өртеп жібереді.

Ол сұмырайға он бес жыл берді. Бір алқаның кесірінен жан құрбымыздың өмірін қиған оңбағанға небәрі он бес-ақ жыл берді... Ақша үшін бейкүнә Дияраның өмірін ерте қиған сұмырайға он бес жыл ғана берді...

Төртеуіміз отырып, бүгін Дияраны еске алдық. Он бес жылдан кейін Дияра қандай болар еді? Қазір арамызда отырып, сол баяғыша бізді күлдіртіп отыратын шығар. Бекаға тұрмысқа шығып, одан өзі армандағандай бес баланы дүниеге әкелер ме еді? Беймәлім. Бірақ ол әрдайым жанымызда секілді. Біздің әңгімемізді тыңдап, сыртымыздан күліп отыратын сынды болып көрінеді.

-Эх, сендер уже отыз екідегі тёткасыңдар, ал мен әлі он сегіздемін, қызықпаңдар! - деп бізді келемеждеп тұрғандай еді, қабіріндегі күліп тұрған суреті. Көзімізге жас үйіріліп, оның қабіріне топырағымызды салып, гүлімізді қойып, Диярамен біраз әңгіме айттық. Ол біздің жанымызда отырып, барлық айтқанымызды ерекше қызығушылықпен тыңдап отырғандай...

Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,
РЯЛ-32



өткізілген қуанышты күндер, ән-би кештері, спорттық шаралар.

Біз І семестрді онлайн форматта өткіздік. Ал қазір оффлайн форматта оқып жатырмыз. Мен №3 Студенттер үйіне орналастым. Осы күннен бастап жаңа достар, жаңа орта таптым. Танысқанымызға көп уақыт өтпесе де, біз бір үйдің қыздары секілдіміз. Жатақханадағы басқа қыздармен де жақсы араласып кеттік. Басқа қалаға келгелі үйіңді сағынасың, ата-анаңды, достарыңды сағына бастайсың. 1-2 күн қиналып жүргенмен кейін үйренісіп те кетесің. Университеттегі және жатақханадағы жаңа достарыңның арасындағы қызықты сәттер өте көп болмақ. Алыстағы өмірің сені үлкен-үлкен жетістіктерге жетуге тәрбиелейді. Ата-анаңнан, бауырларыңнан алыс болу, ол сені өз-өзіңді тәрбиелеуге, шыдамдылыққа, сабырлыққа тәрбиелейді. Ата-анамның жанында өсіп, дайын нәрсеге үйреніп қалған соң студенттік шақта нағыз өмірді көреді екенсің. Осында келгелі жаңа өмірге қадам басқандаймын. Бұрын мектептен келгенде анам тамақ дайындап күтіп отыратын, ал қазір бәріне өзің жүгіресің. Тамағыңды да өзің дайындап, өз-өзіңді қамқорлайсың. Өзің үшін өмір сүресің.

Жаңа орта, жаңа достар жөнінде айтатын болсам, сіз өзіңіз келген жеріңіздегі таныс достардан бөлек, мұнда әр аймақтан келген жаңа достармен танысасыз. Жаңа таныстық жаңа өмірге жол ашу. Ең қызығы олардың сөйлеу мәнері, өздерін ұстауы. Тіпті сіз білмейтін тілде сөйлеп тұрғандай көрінуі де мүмкін. Әрі өзгеше

ИГІ ӨМІРДІҢ БАСТАУЫ

салттар, дәстүрлер... Бірақ, уақыт өте келе оған да көндігіп кетесіз. Үйренесіз. Өйткені сөйлесу арқылы олардың диалектілері мен өмір сүру қағидалары сізді де өзгертеді. Бұл жамандыққа апаратын жол емес, жақсысын үйреніп, жаманын жирену - сіздің қолда.

Ең қызық әрі ең керемет кез - жатақханада. Кең бөлмелері бар үйіңізді ауылда қалдырып, шағын ғана бір бөлмеде төрт-бес адам болып тұру сіздің жеке бастағы өзімшілдігіңізді жоғалтады. Бір нанды бөліп жеу, көмектесу, бірге жүріп, бірге тұру секілді дүниелерді бастан кешесіз. Көршіңізге емес, көрші бөлмеге қонаққа бару, туған күн кештерін жасау, ән салу, би билеу, әңгіме-дүкен құру – бәрі сіздің өміріңізге таңсық болып келеді. Бірақ сол таңсық дүниеден көкірек көзіңіз ашылып, жаңаша өмірді достармен бірге сүруге деген ынтаңыз артады. Тіпті жатақхана екінші үйіңіздей болып, қателіктеріңізді кешіріп, жақсылығыңызды арттырады. Көмек керек бола қалған жағдайда сізге көмек көрсетуге бүкіл жатақхана дайын. Бұл ештеңеден тарықпауға болады деген сөз.

Студенттік өмір бұл - өмірлік достар табу, студенттік өмір бұл - жақын жандарыңды сағыну, студенттік өмір бұл - сенің алға қойған мақсаттарыңа жетудегі алғашқы қадамдардың бірі.

Менің бұл қаладағы ең бірінші мақсатым - білім алу, ата-анамның адал сенімін ақтау. Қазір өзінің ауылын, ата-анасын, бірге өскен бауырларын сағынып жүрген Карина 4-5 жылдан кейін оқуын жақсы аяқтап, үздік студентті, білікті маман иесін көргісі келеді.

Болашағын бағамдап, күш-қайратын білімге, өнерге жұмсамақ болып келген, талабы таудай қыз-жігіттер де жетерлік. Мемлекеттің сапалы, саналы, бағалы бөлігі осындай жастардан шықса керек, сірә! Осындай студенттерге қарап қуанып, қызыға қарайсың. Бәлкім мен де сол жандардай болатын шығармын. Мен алар асу - зор!

Карина КАРИМОВА,
Тарих, экономика және құқық факультетінің
I курс студенті

Қайтапанабас аяқпа сәт

Қызыққа толы студенттік шағым көзді ашып-жұмғанша зымырап өте шықты. Күні кеше студент атанып, университет табалдырығын аттаған талапкер едім. Міне, ендігі 4-курсты аяқтауға да санаулы күндер қалды. Мен Орал қаласындағы тарихы мол, талай білікті жас мамандарды түлеткен М.Өтемісов атындағы БҚУ-ды таңдадым. Филология факультетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында төртінші жыл білім алып жатырмын. Бізге университетіміздің білімді де білікті профессор-оқытушылар құрамы, академиктер, бір сөзбен айтқанда, өз істерінің нағыз шеберлері тәжірибелерімен бөлісіп, білім нәрімен сусындатты. Мен осындай құрметті ұстаздардың арқасында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына деген сүйіспеншілігім артып, құлшыныспен оқи бастадым, білімді арттырдым. Адам баласы мамандық таңдауда ешқашан қателеспеу керек, себебі мамандық таңдау – өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау. Өзіңнің жаның қалайтын, үйлесім табатын, істеуге құлшынып тұратын мамандықты таңдағанға не жетсін?! Неге десеңіз ол – сенің сүйіп жасайтын ісің, ертеңгі болашағың.

Мен 9-сынып оқыған сәттен бастап болашағымды мәртебелі «ұстаз» мамандығымен байланыстырдым. Мектептегі сүйікті пәнім әдебиет болды. Менің әдебиетке деген қызығушылығымды оятып, талай бәйгеде бақ сынауыма себепші болған жан менің осы мамандықты таңдағанымға қуанғаны әлі есімде. Оның мына бір айтқан сөздері күні бүгінге дейін қуаныш сыйлайды: «Сенен жақсы ұстаз шығады, керемет маман боласың». Міне, нағыз ұстаз болып қалыптастым деп енді айта аламын. Бұл – менің өмірде жолымның болғандығынын дәлелі.

Гүлсұлу БАШЕНОВА,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
4-курс студенті

Ғажайыпты талантты тұлғалар өрнектейді

Әуелі бойыңда талант болсын,
Талантыңа талабың қанат болсын.
Қадыр Мырза-Әлі

Адам бойында ерекше тартымды өзіне ықыласыңды аудартатын, күш беретін, баурап алатын сиқырлы ғажап дүние бар. Ол-талант. Талант - менің ойымша, қандай да бір іс-әрекеттің, аса үздік қабілеттің ұштасуы. Сол ерекше қабілетті тереңінен, сезімталдықпен, басқалардан шебер ұғына, игере білсе, оның сол іске аса қызығушылығы бар талантты тұлға қалыптасады. Бұның соңы бұрын ешкім жасамаған, ойлап таппаған жаңа дүниені тудыра алса, бұл- талантты жан. Нағыз талант иесі жаңалықтың жаршысы болу тиіс. Бастаған өнері іс-әрекетіне еш жаңалық әкелмесе, оларды талантты деп тануға ертерек. Сондықтан талант иесінің талабына қанат бітіретін ұстазы шәкірті ұдайы қарап, үлгі алып жүрер айнасы болуы тиіс.

Ал олардың бұл іске деген туа біткен бейімділігі бар-жоғын қалай білуге болады? Ол сол әуесқойлықпен бастаған ісінің үздіксіз дайындықпен ізденімпаздығының нәтижесінде жаңадан жаңаны табатын, өзгенің таңдайын қақтыратындай тың тәсілдерді ойлап тауып, көзге түсет бастағанда көмек беріп, ақыл қосып, талабына қанат бітіру керек. Сонда асқан шеберлікпен игеруге қабілеті бар шын талантқа айналары сөзсіз. Ол - табандылықпен еңбектену, төзімділікпен тер төгу. Сол еңбегінің қоғамға да, өзіне де тиер пайдасы мол болмақ.

Өзінің бойындағы ерекше қабілет-қарымын танып-біліп, жетілдіруге күш салып жүрген жастардың бағдары - айқын, мақсаты - биік. Шын талант өз қабілетін ұстазы арқылы шыңдайды. «Ұстазы ізденімпаз болса, шәкірті білімпаз болады» - дегендей дарынды адамдардың бойынан ерекше қабілетті көріп, соған қарап бой түзейтініміз шындық.

Жазушы Ғабит Мүсірепов: «Талантқа қанат болар сезім емес, сенім болуы керек» - деген екен. Олай болса, өз талантымыздың өркендеуіне нық сенім қажет. Сурет салуға, мүсін жасауға, ән айтуға, өлең шығаруға қаншалықты талант керек болса, махаббатқа да соншалықты талант керек. Сол себепті таланттың шыңдалуына ерекше махаббат пен зор сенім аса қажет

деп есептеймін. Шебер жазушы Шерхан Мұртаза: «Таланттылар - раушан гүлі сияқты жан - жағына жұпар шашып, көңіл ашады»- деген қанатты сөзін талдай келіп, айналаңа жұпар шашып, көрермен көңілін көтеру, тамсандырып, таң қалдыру үшін талаптану керек. Талант - табиғаттан десек те талап өзімізден болуы тиіс екенін білгеніміз жөн.

Талант - Жаратқанның сыйы ғана емес, сонымен бірге өзінің алдындағы, қоғам мен Отан алдындағы жоғары жауапкершілік. Басты мақсат - еңбектену. Еңбекті жан-тәнімен сүймейінше, ешбір талант иесі де, ешбір кемеңгер де шықпайды. Әр адам өзінің сүйікті ісінің майталманы болу үшін талантының шыңдалуына қанаты талмай ізденуі керек. Шын талантқа тұсау жоқ.

«Бұлақ көрсең көзін аш» - дейді дана халқымыз. Сондықтан талантты шыңдау дара ұстаздың, шын шебердің қолынан келеді. Өзім таңдаған мамандығым ерекше ізденісті, сабырлықты, сұлулық пен үйлесімділікті қажет етеді. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған терең ой құнын жоймайтын, дәмі мың жыл жүрсе де кетпейтін қасиетті құнды сөздері күн сайын пайдамызға жарап тұрар киелі сөздер. Ал, қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы Әбілхан Қастеев туған жердің әсем табиғатын, оның дидарындағы адам қолының жасампаз өзгерістерін зор шабытпен бедерлей алған қылқалам шебері. Шын талант иесінен үйренеріміз ұшан-теңіз. Ерекше дара тұлғалар талант иелерінің сөздері мен істері үндестік тапқандай. Ақын әр көрініске тіл бітірсе, суретші сөзсіз, тілсіз салынған бейнелерге тәнті етеді. Шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі сезім мен сырға толы өлең болса, табиғатқа тіл бітіру, салған суреттің мінсіздігі шын талант иелерінің ізденісінің көрінісі деп білемін. Көрерменін қызықтырып, көз ала алмай ұзақ қарайтын талғампаздықпен салынған сурет нағыз талант иесінің зор еңбегі. Суретші, әнші, биші, күйші, ақын, мүсінші тағы басқа талант иелерінің әрбір ісі

шынайылықты талап етеді. Шеберлік, шалқар шабыт, білім-ғылым үйренуге талап қылушыларға әуелі білмек керек. «Білсем» деп ұмтылсақ, бойдағы талантымыз шыңдала береді. Өнерге шын жанашыр болуымыз керек. Сонда ғана шынайы талант иесі шығады. Суреттің тілі де тілсіз тіл, оны кез келген ұлт ұғады, түсінеді, бағалайды.

Ғұлама ғалым Әл-Фараби: «Шын беріле қызықтаған нәрсе адамның жүрегінен орын алады»- дейді. Өйткені, қанша талант иесі болса, сонша көрермені, тыңдарманы болады. Халықтың дамуына өзге елдермен иық тіресіп тең тұруына өнердің қатысы зор екені бәрімізге белгілі. Елімізді жас та болса өнерімен тәнті еткен Димаш Құдайбергенов ағамыздың әншілігі шын талант иесінің дүйім жұртқа өз талантын дәлелдеуі деп білеміз. Еңбек бағаланады, шын талант дараланады. Спортшыларымыз, бишілеріміз, әншілеріміз, суретшілеріміз, тағы да басқа барлық өнер иелеріміз шынайы талантын шыңдап, дәлелдей түссе, олардың орынын басар таланттарымыз да көбейері сөзсіз. Зор талант ерен еңбексүйгіштікті қажет етеді. Суреткер шындықты сұлулықпен ұштастырып, байланыстырады. Өнерге де өжеттілік керек дегендей, талантты шыңдау әр адамның өз ізденісіне байланысты деп ойлаймын.

«Өнерлінің өрісі кең» - деп бекерге айтылмаса керек, өйткені театр адамдардың туыс қылатын шығармашылық отбасы. Нағыз талант иесі болуды мақсат етіп, қоғамға пайдамыз тисін десек, аянбай ізденіп, тер төгіп, «өнер сыры – өрнектеуде» екенін естен шығармағанымыз жөн. Ғажайыпты талантты тұлғалар өрнектейтіні сөзсіз.

Тынымсыз еңбек көрінеді жарқырап, Кетпейді текке зор еңбектер сарқырап. Шын талантты шыңдау үшін қашанда, Еш аянбай іздену керек, адамзат!

Айкөркем АБДИРОВА,
Дизайн интерьер бөлімінің II курс студенті



Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А.Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№9 (34), қаңтар, 2021 жыл



Болмасаң да ұқсап бақ!

«Журналист» жаршысына - 5 жыл

Газет - мерзімді, айына бір немесе бірнеше рет, шығатын басылым. Бұл басылымдардың алғаш тарихын зерделейтін болсақ, ежелгі алғашқы газет Шығыс қалаларында көпшілік орындарға ілінетін хан жарлықтарынан бастау алған. Ал XVI ғасырда Венецияда алғаш «жаңалық жазушылар орталығы» құрылып, арнаулы ақпараттарын «газета» (италияша *gazzetta*) деп атап, мерзімді шығарып отырған. Яғни, газет - жаңалық жаршысы. Қозғалатын тақырыбы да сан алуан. Біз сөз еткелі отырған басылым - университет тынысын, студенттердің өмір үзіктерін өретін «Өркен» газеті бетіндегі «Журналист» жаршысы туралы. «Өркен» газетінің арнайы жастарға арналған бетшесі студенттер идеясының шырақшысы, арман - рухының қоңырауы Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы «Журналист (Journalist)» бетінің жарыққа шыққанына биыл - 5 жыл. Жүйрік ойлы, тынымсыз еңбек етер студенттерге арнайы шығарылған бет 2016 жылдың қаңтар айынан шыға бастады. Газеттің алғашқы санына көз жүгіртсек, университет түлегі, филология факультетінің студенті, «Журналист» жаршысының жауапты редакторы Мәлдір Латифованың жас журналистер клубына шақыртуымен бастау алған. Ардагер журналист Тихон Әліпқалидың Қаз дауысты Қазбек бидің өнегелі ойын қосып өре білген жүрекжарды тілегі де көзге түседі. Ақпарат айдынына 5 жылдық тарихын қалдырған «Журналист» жаршысы - студенттер өмірінің әр кезеңінің қызықты да тағылымды ақпараттарының, құнды деректерінің куәгері. Көз жүгіртіп қарайтын болсақ: «Журналистің» екінші басылымы 1 курс студенті Айша Кемешованың «Журналист с большой буквы», редакция бөлімінің «Түрік тілімен тамырлас туынды» атты екі тілдегі мақаласымен, «Danakaz» журналының бас редакторы Қазбек Құттымұратұлының «Шамдарыңыз сөнбегей» деген атаумен жарық көрген жүрекжарды тілегімен толыққан. Университет түлегі, жас ақын Меңдібек Лұқбановтың арман қадамына жасаған он сатысын «Он жылдан кейін кім болам?» тақырыбымен 3-ші санға баяндап берген. Университет тынысын тізіп жазған болашақ журналистердің «Журналист» («Journalist») жаршысының 33 саны жарық көріпті. 33-ші санында «Рухани жаңғыру» институтының келелі істері көлемді тұрғыда берілген.

Бұл бетшенің бір ерекшелігі - жаңалықтар шығарудағы жауапты редакторы арнайы журналист мамандар емес, арман жолында жүрген жас студенттер, болашақ тілшілер. Ой өрімдерімен өздері басып шығарған газет кім-кімге де ыстық болады. «Журналист» («Journalist»)



беті біз үшін дәл солай. Себебі қара шаңырақ Махамбет университетіне алғаш келген кездегі, студенттік өмірімдегі бастапқы мақаланы «Жүрегімнің қалауы» тақырыбымен осы газетке ұсындым. Бір жыл осы беттің тілшісі болып, түрлі тақырыпта ой қозғадым. Кейін мен де бұл бетшенің жауапты редакторы атандым. Жауапкершілік пен еңбекті талап ететін бұл жұмыс маған үлкен тәжірибе болды. Қысқасы «Журналист» («Journalist») бетінің студенттерге берері мол. Жастардың тілші ретінде қалыптасуына, өз ойын жоғалтып алмауына үлкен септігін тигізеді. Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубы және «Журналист» («Journalist») беті әрі қарай өз жұмысын жалғастырады және «Журналист боламын» дейтін жас студенттерді өзіне шақырады.

Жанар ҚАБДІРАХИМҚЫЗЫ,
«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері

Құттықтаймыз!

Республиканың «Үш қоңыр» газетінің меншікті тілшісі атанды

Тілші – хабар жеткізуші, хабарлаушы. Тілші - ұлы адамдар сүйген, кемеңгерлер айналысқан мамандық. Тілші - заманауи, діни, саяси, ғылыми, әдеби жағынан түсінігі мол, әлемдегі барлық саладан хабардар, жан-жақты тұлға. Халыққа қалтқысыз бәрін жеткізетін, халық үшін аянбай қызмет ететін, халық тағдыры жолында бәріне де төзетін, халық келешегі үшін жағдай қарастыратын да – тілші. Сырт көзге оңай жұмыс көрінеді, әрине! Алайда болған жағдайды астарлы ақиқатпен әрі көркем әрі салмақты жеткізу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Осы орайда еліміздегі тұрақтылық пен сенімділік орнаған кезден бастап күллі жайттан хабар таратып, дүйім халық пен билік өкілдері арасында көпір бола алған, әдебиет, мәдениет және өнерді ұштастыра білген республикалық баспасөз жаршысы – «Үш қоңыр» газеті. Біз бүгін «Әдебиет – ардың ісі» кредосымен жарық көріп келе жатқан 10 жылдық тарихы бар республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі



атанған профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлын құттықтаймыз. Түрлі істің түйткілді мәселелерін батылдықпен батырып, жүйелеп жазатын, қиындыққа тайсалмайтын, мойымайтын қасиетіңіз әрқашан биік болсын! Оқырманды өзіне еріксіз шақырып тұратын жазбаларыңыз көбейіп, қаламыңыздан қасиет кетпесін, шабытыңыздың шыңына ұшқан құс жетпесін! Әрқашан әдебиеттің жанашыры бола бергейсіз!

«Рухани жаңғыру» институты ұжымы

Алғашқы қадам

Онлайн студенттік өмір


Мектеппен қоштасып, жаңа өмірге қадам басқалы - 4 ай... Уақыт зымырап өтіп жатыр... Оқу жүйесінде әлі күнге өзгеріс жоқ. Біз баяғыша «қашықтан оқу» үрдісімен жүріп келеміз. «Онлайн оқу» деп ғаламторға телміртіп қойған «тәж вирусы» басылған сыңайлы. Ел арасында әдепкідей шулы әңгіме де көп айтылмайды. Басшылық карантин режимін сақтауды мақсат тұтып, елді қатаң талаптардан босатқандай. Ал білім ордалары әлі сол қалпы. Мектеп те, университет те өз жұмыстарын дәстүрлі түрде қашан жалғастырмақ? Студенттер университетімен қашан табысады? Дәстүрлі оқу форматына қашан көшеміз? Онлайнның әлегі...



Біздер 2020 жылғы мектеп түлектері ЖОО-ға түскен сәтімізден бастап білім алуды «онлайн» жүйеде бастадық. Алғашқыда бәрі қызық. Zoomмен сабақ өту, moodleға сабақ салу, онлайн таныстық, сабақ айтудың түрлі әдіс-тәсілдері, әйтеуір жаңадан «балмұздақ» атанған студент үшін айтатын, тамашалайтын қызық көп. Ол басында... Қазір ше? Етіміз үйрене бастады дейін десек, санамызды білімсіздік жаулап бара жатқандай. Кейде «қашықтан оқу» деген сөздің баламасы «білімсіздікке апарар жол» деп тұратындай. Алайда бұл біржақты менің көзқарасым ғана. Әйтсе де елімізде сауатын қашықтан ашқан жастар да аз емес. Хош, біздің білімнің жайы не болмақ? Біз бұл дәстүрге туғаннан емес, тосыннан тап болдық емес пе? Университетке бармай, «қашықтан» білім алып жатқан студенттердің жай-күйі қалай? Сансыз сұрақтар... Көп жанға жай ғана сұрақ боп қалатын осы бір жағдайды біз өз басымыздан өткеріп жатырмыз. Демек, мұның жайын бізден өзге кім білсін?.. «Білім алу» деген аты болмаса, мектептен алып келген орта деңгейдегі білімімізді арттырып жатқанымыз шамалы. Ол жағы білім беріп жатқан оқытушыларға да, оқып жатқан мына біздерге де жасырын дүние емес. Себебі көз көріп, құлақ естіп жүрген ақиқат әңгіме. «Онлайн» деп ойланып жүргенде, «ел болашағы» деп сенім артатын заман жастарының білім іргетастары нашар қалануына себепкер болмасақ игі. Бүгінгі студент-ертеңгі жас маман. Қай-қайсы мамандық та адам өмірінде айтулы рөл атқарады. Тіпті кей мамандықтар шешуші рөлде. Мысалы, мен оқып жатырған филология мамандығы - тіл саласының маманы. Болашақта оқушыларға сапалы білім беретін білікті ұстаз болғым келеді. Ол үшін не істемек керек? Әлбетте, алғашқы курстан бастап сапалы білім алуым керек. Ұстаз болу жолында білім фундаментімді қалыптастыруым керек. Егер мен ЖОО-да сапалы білім алмасам, мен қалайша өзгенің баласына тыңғылықты білім бермекпін? Қалайша жас ұрпақты рухани бай қалыпта тәрбиелемекпін? Ойланатын дүние. Енді ойлаңыз, алғашқы іргетасы осылайша «қашықтан» оқып онлайн қаланған мен сияқты студентке (болашақ жас маманға) өз балаңыздың болашағын сеніп тапсырар ма едіңіз? Осылайша онлайн білім алған дәрігерге өз өміріңізді, денсаулығыңызды сеніп тапсыра аласыз ба? Онлайн оқыған құқық қорғау органының маманына шағымдана ма едіңіз? Әрине, сіздің орныңызда мен болсам «ЖОҚ» деп жауап қайтарар едім. Себебі бұл жауабын күттірмейтін, ақылға қонымсыз сауал. Осындай ойлар мені алаңдатады. Білім сапасының төмендегені айтпаса да түсінікті. Бір жағынан мамандыққа деген, түскен оқу орнына деген қызығушылығын жоғалтып жатқандай көп студент. Бұл біздің қазіргі ахуал.

Мықты маман болу жолында, тек қана білім алып қана қою жеткіліксіз. Жаңа ортамен танысасың, мықты мамандармен тілдесесің, қатарлас сол саланы меңгеруші жақын достар табасың. Бұл - жай ғана өмір заңы. Ол заңдылыққа кедергі – әлемдік пандемия. Бұл күн де өтер, өткерерміз. Университетпен табысып, жаңа достармен мәз болысатын күн де алыс емес шығар, сірә?! Бастысы - білім алу жолындағы бағытымыз өзгерсе де, мықты маман болу жолындағы мақсатымыз өзгермесін. Тек өкінділері - бірінші семестрді аяқтап қалсақ та, қажетті білім қорын жимауымыз. Алғашқы фундаментіміздің осылайша шала деңгейде қалануы, білімге деген құлшыныс пен қызығушылықты сөндіріп бара жатқандай. Бұған не дейсіз, құрбылар?

Данара ТӨЛЕГЕНОВА,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің I курс студенті («Филология: қазақ
тілі» мамандығы)



Дос, ақылыңа ақыл қос!

Шешендік — тұлға көркі

Сөз – адамның айнасы.

Халық даналығы

Күллі ғаламды сөз сынды шамшырақ нұрландырмаса, оны түнек тұмшалап тұрған болар еді.

Халық даналығы

Егер де *диалектика* тек шынайы білімге негізделген қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой қорыту тәсілі болса, *риторика* шешендік қисынға, ой- пікір жүйелігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделеді.

Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 ж.ж.), Орта ғасырдың атақты ойшылы, энциклопедист ғалым

Риторика міндетіне сендіру емес, әрбір нақты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын таба білу енбек.

Аристотель (б.з.д. 384-322 ж.ж.), ежелгі грек философы, ғалым

Шешендік – сендірудің шебері. Оның бар мәні де, міндеті де осында.

Платон (б.з.д. 427-347 ж.ж.), ежелгі грек философы

Беттің әрі айнадан көрінеді, адамдықтың әрі сөзден көрінеді.

Демокрит (б.з.д. 384-322 ж.ж.), ежелгі грек философы

Шешендік – сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет-күшін өз бойына жинақтаған деуге болады.

Платон (б.з.д. 427-347 ж.ж.), ежелгі грек философы

Адам баласын ұшар биікке шығарар, атақ-даңққа кенелтер екі-ақ өнер саласы бар: бірі- қолбасшылық өнері де , екіншісі – үздік шешендік өнері.

Марк Тулий Цицерон (б.з.д.106-43 ж.ж.), Римдік шешен, қоғам қайраткері

Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып кеп үйренуді тілейтін, үнемі айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы қол жететін өнер.

Балтабай Адамбаев (1919-1979 ж.ж.), шешендіктанушы ғалым

Шешендіктің негізі – құштарлықта, сезімділік мәнісінде. Шешендіктің басты қағидалары – жүрекке әсер етіп, ақылды бағындыру.

Михаил Сперанский (1772-1839 ж.ж.), қоғам қайраткері, риторика маманы

Шешендік дегеніміз – кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу.

Михаил Ломоносов (1711-1765 ж.ж.), орыс оқымыстысы, орыс риторикасы ғылымының негізін салушы

Жүйрік аттың сипаттары секілді асыл сөзде де бел-гілі сипаттар болады.

Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1937 ж.ж.), қоғам қайраткері, ақын, ғалым-лингвист, педагог

Өнердің ең алды – сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.

Ахмет Байтұрсынұлы

Шешендік сөз дегеніміз – белгілі бір мәселені ауызша талқылау, белгілі бір ойдың ақиқаттылығын түсіндіру.

Алексей Мерзляков (1778-1830 ж.ж.), ақын,сыншы

Шешендік сөз бен ойға негізделеді.

Марк Тулий Цицерон (б.з.д.106-43 ж.ж.), Римдік шешен, қоғам қайраткері

Риторика – әңгіме жүргізу қабілеті, соның арасында қалауды немесе аулақ болуды керек қылатын жеке заттар жөніндегі сендіру шеберлігі.

Әбу Насыр әл-Фараби

Шешен сөздің қыздырма, яки, қоздырма деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі – адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру.

Ахмет Байтұрсынұлы

Шешендік сөз – қоғам мен оны басқару туралы ілім.

Аристотель

Шешендік – дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый.

Жан де Лабрюйер (1645-1696 ж.ж.), француз жазушысы

Сөз өнері – өнер атаулының ең қиыны да күрделісі.

Оноре де Бальзак (1799-1850 ж.ж.), француз жазушысы

Дәстүрлі шешендік сөздер – белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер.

Балтабай Адамбаев (1919-1979 ж.ж.), шешендіктанушы ғалым

Шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты кітаптардың тағылым-тәрбиесі, өзіндік дүниетанымының нәтижесі.

Анатолий Кони (1844-1927 ж.ж.), орыс заңгері, ғалым

Шешендік – өнер, сол өнермен қарулансаң ғана шешендікті игеруің мүмкін.

Мәтжан Тілеужанов, әдебиеттанушы ғалым, фольклоршы

Шешендік мәні тек шешенде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты: шешендік сөздің әкесі – шешен, анасы – аудитория. Тек аудитория ғана оны қалыпқа келтіріп, жан бітірмек.

Евгений Адамов, орыс риторикасын зерттеуші ғалым

Шешендік сөз – сөз сөйлеуге даярлық пен сөйлеу, әңгімелесу сияқты іс-әрекеттерге қатысты тілдік қызметтің ерекше түрі.

Евгений Ножин, шешендіктанушы ғалым

Шешендік сөз – сан жағынан да, сапа жағынан да ешбір салыстыруға болмайтын тітіркендіргіш.

Иван Павлов (1849-1936 ж.ж.), физиолог ғалым

Шешендікте маңызды нәрсе ұнамды нәрсемен үй-лесіп тұруы тиіс, бірақ ұнамды нәрсені тек ақиқаттан іздеген абзал.

Жан де Лабрюйер

Шешендік рухани қабілетпен, ғылыммен, авторларға еліктеумен, шығармашылыққа бейімделумен, басқа ғылымдарды меңгерумен және айқын күшті дауыс, мықты рух, кең кеуде тәрізді табиғи ерекшеліктерімен біртұтас.

Михаил Ломоносов (1711-1765 ж.ж.), орыс оқымыстысы, орыс риторикасы ғылымының негізін салушы

Шешендік – сөйлеген сөзге тыңдаушылардың ешбір қиналыссыз құлақ қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселеге ерекше ынта- ықылас танытып, тақырып байыбына терең бойлауға ұмтылысының оянуына түрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері.

Блез Паскаль (1623-1662 ж.ж.), француз ғалымы

Шешендік – дарындылық. Ол – тілі ғана емес, ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет.

Мәулен Балақаев (1907-1995 ж.ж.), белгілі лингвист ғалым

Шешендіктің түп мақсаты – адамдарды иландыру.

Филип Честерфилд (1694-1773 ж.ж.), ағылшын қоғам қайраткері, елші,жазушы

Шешендік сөз – жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі.

Ермек Жеменей, шешендіктанушы ғалым

Шешендік біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туады.

Серік Негимов, әдебиеттанушы ғалым

Шешендік өнер – ауызша түрдегі әдеби шығармашылық.

Анатолий Кони (1844-1927 ж.ж.), қоғам қайраткері, заңгер, сот шешені

Сөз өнерінің сұлулығынан халықтың жан сұлулығы туындайды.

Константин Ушинский (1824-1907 ж.ж.), орыс педагогы, ғалым

Шешендік сөз – халық даналығы, ақыл-ойдың құйма-сы, әдеби тілдің бастауы.

Балтабай Адамбаев

Бедерлі сөз халықтың туған тілін, тұрмыс-тіршілігін, тарихын аңғартатын паспортпен тең.

Мүсілім Базарбаев (1927-1995 ж.ж.), әдебиеттанушы ғалым

Шешендік сөз – оқыс айтылған ойларға қисынды әрі жедел жауап қайтару. Көп ойлану, найқалу шешендікке жараспайды.

Мәтжан Тілеужанов

Барлық заманда тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүріп келеді.

Антон Чехов (1860-1904 ж.ж.), орыс жазушысы

Егер де сырт киіміне қарай қарсы алып, ақыл-ойына қарай шығарып салуға сүйенсек, мұнда адами қарым-қатынасқа алғашқы кезекте мән берілген, яғни, сөз – ойдың сырт киімі, ендеше оларды таңдап, іріктеп қолдануда қателеспеу маңыздырақ.

Ермек Жеменей

Сөз өнері – басы қатты бөйге аты сияқты.

Габриэль Гарсиа Маркес, қоғам қайраткері, жазушы

Шешендіктің сәні жоқ, Сөзіне сүттей ел ұйып, Қолтығына ел сыйып, Басына бақыт қонбаса.

Дулат Бабатайұлы (1802-1874 ж.ж.), қазақ ақыны

Жауапты редактор: Абат Қыдыршаев, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Республикалық «Үш қоңыр» әдебиет, мәдениет және өнер газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі

Ұлағатты ұстаз - ұлт мерейі

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» - деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Ұлылыққа бастайтын табалдырық атанған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті студенттерінің бұл тұрғыда жолдары болғандығы рас.

Ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған Хамида Ихсанқызы жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ол – ұлағатты ұстаз. Себебі ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя білген Хамида апайдай ұстаздың өмірі болашақ үшін үлкен өнеге.

Хамида Ихсанқызы - 1946 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына «Тарих» мамандығына оқуға түсті.

1974 жылы институтты бітірген соң, өзі оқыған институтқа «КСРО тарихы» кафедрасына жұмысқа қабылданды, ал 1977 жылы «КОКП тарихы» кафедрасына оқытушы болып ауыстырылды.

1988 жылы Хамида Ихсанқызы 07.00.01. - «КОКП тарихы» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады.

1990 жылы Хамида Ихсанқызы жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

Кеңес Одағының ыдырауы, 90-жылдардың басында білім беру мен ғылым саласындағы жағдайға айтарлықтай әсер етті, ал Хамида Ихсанқызы кафедра меңгерушісі ретінде өзгерген жағдайларға қарамастан білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуына өз үлесін қосты.

1993-1996 жылдар аралығында Қожабергенова Хамида Ихсанқызы тарих факультетінің деканы болды.

1996 жылдан 2007 жылға дейін «Жалпы тарих» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Хамида Ихсанқызы отандық тарихнамада өзіндік қолтаңбасы бар ірі ғалымға айналды, оның ғылыми қорында бірнеше оқулықтар және көптеген ғылыми мақалалар бар. Сонымен қатар, Хамида Ихсанқызы халықаралық және республикалық конференциялардың қатысушысы.



1995 жылы білім беру саласына сіңірген ерекше еңбегі үшін Қожабергенова Хамида Ихсанқызы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, ал 1997 және 2001 жылдары студенттерге білім беру мен тәрбиелеудегі жемісті жұмысы мен қоғамдық өмірге белсенді қатысуы жоғары наградалармен, ҚР Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен және

Бәрекеңгі!

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған Орал қаласының жастары арасындағы «Winter fest» атты қысқы спорт фестиваліне қатысып, жүлделі 3-орынды иеленген М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттерін құттықтаймыз!



медалімен марапатталды.

Бар ғұмырын ұстаздық пен ғалымдыққа сарп еткен Хамида апайдың алған асуын, жеткен биігін тізіп жеткізе алмаспын. Менің мақсатым – Хамида апайдың шәкірті ретінде өзім көрген ұстаздық келбетінің кейбір қырлары туралы сыр тарқату еді.

А.УСМАНОВА,
«Тарих» мамандығының 3-курс студенті

Махаббат дегенде адамның ойына түрлі ой келуі мүмкін. Оның тереңдігінің өлшемі жүректің тазалығына қарай тұңғыыққа бойлай бермек. Мәселе адамның сол махаббатына деген шынайы сезімінде болмақ. Мен қозғағалы отырған тақырып та жаңа хикая емес, ерекше жолда өрбімек. Ол - ұстаз деген ардақты атқа лайықты жандарға арналмақ.

Мен үшін ұстаз десе өсіме оралатын алғашқы ой - мектептегі ең оңай пәндерден беретін дене шынықтыру немесе еңбек сабағының мұғалімдері. Неге десеңіз, ең оңай сабақ болғанымен олар бізді еңбекке де, өнерге де баулитын еді. Балалық шығар кім білсін, мектеп қабырғасында математика сынды күрмеуі оңайлықпен шешіле қоймайтын күрделі есептерге онша көңілім соға қоймайтын. Сондықтан сол пәннің мұғалімдеріне оң көзқараспен қарай қоймаушы едім. Менің сол кезде түйгенім, шын мәнінде ұстазға деген махаббаттың ұғымын өте тар мөлшерде түсінген екем... Ал қазір ше?! Қазіргі таңдағы Данараның ұстазға деген құрметі қаншалықты жоғары? Кім білсін, бәлкім мен бұл университетке түспеген болсам ұстаздың қадірін білмей өтер ме едім? Осылайша, менің ойымды толық өзгерткен ұстаз деген ардақты атқа лайықтылар туралы сөз бастағым келіп отыр. Себебі, бар жақсылықты үйретіп, адамдық пен адалдық қасиетінің мәнін жете түсіне бастадым. Оның мәнін түсінуіме ең алғашқы себепкер менің кураторым - Сисенбаева Раушан Жаңабайқызы. Мен бұл жанның арқасында қажырлы еңбек пен шыдамдылықтың қаншалықты бекем болу керектігін терең ұғындым. Себебі, алғашқы онлайн форматтағы оқу жүйесіне қарамастан, жан-жақтан жиналған студенттерді бір арнада тоғыстыра алды. Әр 1-курс студенті алғашқы жылулықты куратордың жылы жүзінен алатын болса, бізге алғашында бұл бақыт та бұйырмады. Бірақ өкінетін дүние емес! Неге десеңіз, кураторымыз жанды жылытар, жүректі елжіретер жазбаларымен рухымызды жігерлендіруден талмайтын. Міне, осындай үлкен сынақтың нәтижесінде біздің филология тобы ауызбіршілігі жоғары, жүздері жылы топтардың біріне айналды. Оның барлығы екінші анамыздың елеулі еңбегінің жемісі деп білемін.

2020 жылғы түлектер үшін тосынсыйлар көп болды. Оны тізбектеп айтпасам да шамасы қандай екенін түсініп отырған

Ұстазға махаббат

шығарсыз. Осы бір үлкен індеттің әсерінен сабырлық танытуды үйрене алдым. Алайда кейбір дүниелерге мойынұсынуға тура келсе де, көңіліңе кірбің ұялатады екен. Себебі, мен айтқалы отырған келесі ұстазым тек 1-семестрде ғана сабақ берген еді. Енді ол кісінің сабағы алдағы уақытта жалғаспайтыны өкінішті. Соның бірі, мен сүйіп оқитын пәннің бірі - «Әдебиеттануға кіріспе» сабағы. Өз салама жақын пән болғаннан ба, әйтеуір Ақболатов Айдарбек Ахметұлының сабағына ерекше леппен кіретін едім. Ол кісінің сүбелі сөздері мен ойға толы жанарларында әдебиеттегі әр кейіпкердің мұңы мен қуанышы қатар жасырынып тұратын. Сондықтан оның беретін әр тапсырмасына аса үлкен дайындықпен кіруші едім. Мен үшін осылайша Айдарбек ағаймен әдебиет мекеніне алтын көпір салынып жатқан еді. Алайда көңіліме қаяу түспейтініне сенімім молая бастады. Себебі, Айдарбек ағай алдағы уақытта басқа салалардан да сабақ беретінін және талай жұмыстарды бірге атқаратынын айтып, қуаныш сыйлады. Себебі, осындай ұстаздың сабағын алу, ары қарай еңбегін жалғастыру - мен үшін үлкен мәртебе.

Алдағы менің шығармашылық жұмыстарым мен әдебиет майданына дайындап жүрген, мен үшін ерекше ұстаз – «Рухани жаңғыру» институтының директоры, профессор, п.ғ.д. Қыдырашев Абат Сатыбайұлы. Өзіндік үлкен қолтаңбасы мен орны бар әр тұлғалы, мен үлгі алатын ерек жандардың бірі. Менің басқа биіктермен иық тіресіп, еңсере алуыма үлкен септігін тигізген жан. Ол өз білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы жақсылық пен өнегеге толы жан, өмірінен үлгі аларлық тұлға деп биік бағалаймын. Қандай да бір сынақ келгенде ілгері жүрудің қаншалықты жоғары екенін, адамдықтың биік сатыда екендігін терең ұғындыра білді.

Әлі есімде... Ең алғашқы семестрде сынақ тесттер жақындаған сайын әр студенттің жүрегінде үрей мен қорқыныштың үдейтін сәттері... Ойда сан сұрақтар жаңбырша жауып жатыр. «Қалай болмақ? Сүрінсек қайтеміз?» Сөйтіп жүргенде «zoom» платформасы арқылы

жиналыс болатын болды. Жиналыста филология факультетінің деканы Мұханбетқалиев Әскен Самұратұлымен таныстық. Оның мейірімге толы жүзі мен бізді сабырға шақырған сөздері жадыма әлі сақтаулы. Әр студенттің сұрағына байыппен жауап беріп, көңіліміздегі қорқынышты сөйілткен еді. Жиналыстан шыққаннан соң құдды бар сынақтан жоғары балл жинағандай қуанып шыққан едім. Кейіннен сынақ барысында расымен де барлық достарым жоғары баллды еңсеріп, алғашқы семестрді жоғары деңгейде жапқан едік. Декан орынбасарлары Есбергенова Гүлнар Исамадинқызы мен Тілеуенова Эльмира Жұмағалиқызы әр уақыт онлайн болып, жанымыздан табыла білді. Мына алмағайып заманға төнген үлкен қауіпті індеттің орны биік жандардың қажырлы еңбектерінің арқасында бірге еңсеріп келе жатырмыз. Себебі, бізге түрлі ауқымдағы онлайн жарыстар мен шараларды ұйымдастырып, біздің мәдени әлеуетіміздің дамуын шеттен тыс қалдырған емес. Әсіресе, Гүлнар Исамадинқызы дарыны бар студенттің ойын биік бағалай білетін жан. Себебі, жаңа қырыңды танып, сол жолда талай еңбегіңнің бағалануына ерекше үлес қосуға дайын тұрады. Мен үшін ерекше санаса алатын, мен бағалайтын ардақты да асыл жан болып сақталады. Сабақта менің біраз қиналатын пәндерім орыс тілі мен ағылшын болатын. Себебі, мамандығымнан тысқарылау сала болғандықтан білмейтін дүниелерім көп еді. Әсіресе қазақ тілі, әдебиет деген сабақтарға көп көңіл бөлетінмін. Алайда, орыс тілі пәнінің мұғалімі Болатова Гүлжан Мұратқызы мен ағылшын пәнінің мұғалімі Навекова Дамира Бақтығалиқызының арқасында менің ой санам ерекше өсе бастады. Себебі, қос ұстаздың сабақ беру тәсілдері мүлдем бөлек еді. Сабақтарына кіргенде ерекше әлемнің есігі айқара ашылғандай болатын. Ең оңай жолға жүгіретін біздей жалынды жастар үшін бұл қиын сабақтардың жолын табу алғашында қиын болды. Алайда ең тиімді, қарапайым тілде түсіндіретін ұстаздарымның арқасында мен де ағылшын мен орыс тілінің сүйікті пәніме қалай айналып та



кеткенін білмей қалдым.

Ойлап қарасам, жоғарыда айтқан барлық аяулы ұстаздарым мен үшін ең асыл да бағалы маржан тастарым секілді. Себебі, онлайн өмір мен уақыт өлшемдері ұстазға деген махаббаттың қаншалықты биік болу керектігін ұқтырды. Оқыған оқырманға айтарым, сен оқушы бол, мейлі студент бол ұстазға деген сыйластықтың қадірін біл деп айқым келеді. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің барша ұстаздарына ерекше алғысымды білдіремін. Осындай білікті де білімді ұстаздардан білім алатын мен - бақытты шәкіртпін! Даналықты да, даралықты да, адамдықты да, адалдықты да үйрететін ұстаз жолы, ең қызықты да қиындығы мол сала. Өзім де болашақ ізбасарлары ретінде осы жандар секілді ұстаз бола аламын ба деп ұзақ ойланамын. Себебі, бір емес бірнеше шәкірттің жүрегіне жол тауып, жүректерінен орын алу - оңай іс емес. Қаншама шәкірт болса, соншама көзқарас пен түрлі мінез иелері болады. Ал мен олардың тілін таба аламын ба деп жиі толғанамын. Болашағыма деген үлкен үмітпен ұстаздық жолға қадам бастым. Болашақта шәкірт пен ұстаз арасына алтын көпір орнатып, алғыстарына бөленгім келеді. Ұстаздықты ұлылыққа да теңеп жатады. Кім білсін, дәл қазір кішкене бұр жарып, әдемі бәйшешек осы жолда өсіп, үлкен арманын бағындырар... Сөйтіп үлкен кітаптың бетінде алтын әріппен жазылатын азаматшаға айналатын шығар. Бұл өмірде бәрі де мүмкін...

Данара ТУЛЕГЕНОВА,
Фил-11 тобының студенті

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 105

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Аида ОРАЗОВА, Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Анэля ЖОНЫСОВА, Шұғыла Еңсеп

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды. Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ақмолбеков көшесі, 98. Тел.: 8-716-2-25-14-90